



ТӨЛЕБИ ТҰЫ



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

№11-12 (8772) Бейсенбі, 20 наурыз 2025 жыл.

Біздің веб-сайт: <http://www.tolebituy.kz/>

Электронды почта: tolebi_tuy@mail.ru

Ұлттық құрылтай ортақ мақсат пен игі істерге жұмылдырады

Абылай ханның ақ туы тігілген қасиетті Көкше жерінде, бауырмал Бурабай баурайында Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысы жоғары деңгейде өтті. 2022 жылдан бері елдің болашағын айқындайтын стратегиялық институттың біріне айналған жылында қоғамдағы ең өзекті мәселелер талқыға түсіп, елдің келешек дамуы мен өркендеуіне бағыт-бағдар беретін тың ұсыныстар ортаға салынды.

Түсіністік бар жерде келісім бар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алдымен жиналған жұртшылықты Амал мерекесімен құттықтап, Өз-Наурыздың бастауы саналатын бұл күннің қасиетті Рамазан айына орайлас келіп отырғанын айтты.

«Осыдан үш жыл бұрын наурыз айында арнайы Жолдау жарияладым. Оны жақсы білесіздер. Елімізді түбегейлі жаңғырту үшін ауқымды реформа жасайтынымызды айттым. Сол кезде алғаш рет Ұлттық құрылтай туралы бастама көтердім. Үш жылдың ішінде Қазақстан жаңа тұрпатты ел болды. Саяси реформалар жан-жақты өзгерістер жасауға мүмкіндік берді. Жалпыхалықтық референдум арқылы Ата заңға түзетулер енгізілді. Парламенттің құзыры кеңейді, үкіметтің жауапкершілігі артты. Адам



құқықтарын қорғау жүйесі жақсарды. Конституциялық сот құрылды. Шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың белсене қатысуына жол ашылды. Басқа да бағыттарда маңызды реформалар жасалды. Жергілікті билік түбегейлі жаңғырылды. Үш жылдан аса уақыт ішінде ауыл әкімдерінің 72 пайызы жаңарды. Оның үштен бірі – бұрын мемлекеттік қызметте болмаған азаматтар. Бір сөзбен айтсақ, аймақтардағы атқарушы билікке жаңа адамдар келіп жатыр. Пилоттық жоба ретінде аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың 45 әкімі сайланды», деді Президент.

Сондай-ақ ол биылдан бастап барлық аудан әкімдерін халық тікелей

сайлайтынын, түрлі деңгейдегі мәслихат сайлауы да өкілді билік органдарының жұмысына тың серпін бергенін жеткізді. Облыстық және аудандық мәслихат депутаттарының 90 пайызы бір мандатты округтен, яғни тікелей дауыс беру арқылы сайланғанын айтты. Президент ел ішіндегі өзгерістерге Ұлттық құрылтай мүшелері де орасан зор үлес қосқанын, жұртымызды ортақ мақсатқа ұйыстырып, игі істерге жұмылдырғанын тілге тиек етті.

Қасым-Жомарт Тоқаев алқалы жиын алғашқы күннен бастап жалпыхалықтық жаңғырудың рәмізіне айналғанын, қоғамдық диалогтің жаңа үлгісі қалыптасып, өзара түсіністік пен құрмет бар жерде келісім болатынын да айтты.

Әділ салық жүйесін құру маңызды

Отырыста Мемлекет басшысы, ең алдымен, қоғамда қызу талқыға түскен салық реформасына қатысты пікірін білдірді.

«Салық жүйесі – бүкіл мемлекеттік жүйенің тірегі. Бюджетте қаржы болмаса,

мемлекет өз міндетін толық атқара алмайды, әлеуметтік міндеттемелер де орындалмайды. Бұл туралы белгілі экономист Жақсыбек Құлекеев жақсы айтып өтті. Еліміз үшін аса қажет шаралардың мән-маңызын халыққа егжей-тегжейлі түсіндіру керек. Жұрттың бәрі экономист немесе қаржыгер емес. Мемлекеттің қандай шараны не үшін қолға алып жатқанын бәрі бірдей түсіне бермеуі мүмкін. Сондықтан реформаның мәнін әр адамға түсінікті тілмен жеткізу керек. Үкімет салық реформасына қатысты жаңа тәсілдерді ұсынды. Бұл шаралар, жалпы алғанда, дұрыс. Онда негізгі экономикалық және әлеуметтік факторлар ескерілген. Кәсіби мамандар да, жалпы жұртшылық та қосымша құн салығының мөлшерлемесін көтеру қажеттігіне түсіністікпен қарайды», деді Президент.

Ол ұсынылған шараларға, соның ішінде қосымша құн салығына қатысты сын-пікірлер де естіліп қалып жатқанын, бірақ мұндай пайым шынайы ахуалға негізделмегенін айтты. Сондай-ақ түрлі себепке байланысты өзіне ауқымды әлеуметтік міндеттеме алмайтын елдер аз емес екеніне, алайда еліміздің бюджет қаржысының жартысынан көбі әлеуметтік саланың еншісінде екеніне тоқталды.

(Жалғасы 2-7-беттерде).

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі құтты болсын!

Құрметті төлебиліктер!

Шуақты көктемнің келгенін білдіретін Наурыз – халқымыз үшін мерекелі де берекелі ай. Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Күн мен түннің теңесуімен қатар келетін Наурыз мейрамының сонау ықпалы заманнан бері Жер Анадан нәр алып, қуаттанған адамзат баласы үшін маңызы зор. Бабаларымыз ежелгі заманнан бері Ұлыс күнін жыл басы ретінде атап өткен.

Табиғат түлеп, тіршілік қайта жаңаратын мезгілде тойланатын Өз Наурыз күллі халыққа ортақ жалпыұлттық мерекеге айналды. Оны ұлтына, дініне қарамастан барша жұртымыз ерекше күтеді, бірге атап өтеді.

Наурыз мейрамы сонымен қатар – достық, бірлік, ынтымақ мерекесі саналады. Ежелден Ұлыстың Ұлы күні барша адамзат жан дүниесін тазартып, өкпе-назды ескі жылға қалдырып, алдағы күндерге жақсы ниет артып, асқаралы арманмен қарсы алған.

Бұл күні қонақжай жұртымыз ақ дастарқан жайып, бір-біріне ақжарма тілектерін айтады. Бұлақтың көзін ашып, тал егеді, тазалыққа баса мән береді. Наурыз мерекесінде халқымыздың асыл қасиеттері мен құндылықтары түгел көрініс тапқан. Биыл Ұлыстың ұлы күні Рамазан айымен тұспа-тұс келіп отыр.

Құрметті жерлестер!

Наурыз мейрамы байтақ елімізге молшылық, қасиетті жерімізге құт-береке әкелсін. Халқымыздың мерейі үстем болып, игі арман-тілектеріміз жүзеге ассын. Еліміздің ырысы артып, азығы молая берсін!

Сіздерге шын жүректен зор денсаулық, отбасылық береке, жақсылық пен бақыт тілеймін! Көктем өзінің шуағымен қуантып, өз Наурыз әрқайсыңызға молшылық пен бақыт сыйласын.

Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Наурыз мейрамы құтты болсын!

Ізгі ниетпен, аудан әкімі **Е. ӘЛІМҚҰЛОВ**.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысының міндетін атқарушы Е.Бекмурзиннің мемлекеттік қызметшілер арасындағы ішкі конкурс нәтижелері бойынша тағайындау туралы 2025 жылғы 5 наурыздағы №108-ж/қ бұйрығымен Абдукаримов Бегзат Оразбаевич департаменттің Төлеби ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Бегзат Оразбаевич 1972 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданында дүниеге келген. Ұлты қазақ, білімі жоғары. 1990 жылы Шымкент кооперативтік техникумын, 2001 жылы Қазақ тұтынушылар қоғамының Қарағанды экономикалық университетін бухгалтерлік есеп, қаржы және несие мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1990 жылы Шымкент қаласы, Қызыл-Қышпақ ауылдық сауда мекемесінде экономист болып бастаған. 1993-1994 жылдары әскер қатарында азаматтық борышын өтеген. 1994-2002 жылдары Шымкент қаласы бойынша салық инспекциясының жанама салықтар бөлімінің аға инспекторы, аудит бөлімінің бас салық инспекторы, сыртқы аудит, заңды және жеке тұлғаларға салық салу бөлімдерінің бас маманы-бас инспекторы қызметтерін атқарды.

2002-2008 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша қаржы полициясында, Шымкент қалалық салық комитеті жеке кәсіпкерлердің ақпаратын қабылдау және

Тағайындау

өңдеу бөлімінің басшысы лауазымында қызмет етті. 2008-2011 жылдары аудит бөлімінің басшысы, 2011-2020 жылдары Сарыағаш, Қазығұрт, Сайрам аудандары бойынша салық басқармасының басшысы, Түркістан қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары болып істеді.

2020-2023 жылдары Түркістан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті мемлекеттік қызмет көрсетулерді дамыту және сапасын бақылау бөлімінің басшысы, 2023 жылдың қараша айынан Төлеби ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы қызметіне тағайындалғанға дейін департаменттің Жанама салықтарды әкімшілендіру басқармасының басшысы қызметінде болды.

2021 жылы «Қаржы қызметінің үздігі», 2022 жылы «Әлеуметтік еңбек саласының үздігі», 2024 жылы «Мемлекеттік кірістер органдарының үздігі» төсбелгілерімен марапатталған.

Отбасылы, 4 баланы тәрбиелеп отыр.

«Төлеби-ақпарат».



Ұлттық құрылтай ортақ мақсат

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

«Біздің еліміз – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан білім беру, денсаулық сақтау салаларына инвестиция салуды жалғастырамыз. Бұл – біздің конституциялық міндетіміз. Бірақ шын мұқтаж азаматтарға ғана көмек көрсетілуі керек. Қызметін асыра пайдалануға, әсіресе алаяқтыққа жол берілмейді. Сондықтан басымдық берілмеген жобаларға бөлінетін қаржы азаяды. Бұл қажет шара екені айдан анық. Үкімет осы жылдың соңына дейін оны қалай оңтайландыру керектігін біржола анықтап алуға тиіс.

Қазақстанда түрлі салық режімі, көптеген жеңілдіктер мен преференциялар бар. Оның бәрі елімізде салық офшоры сияқты ахуал қалыптастырды. Кәсіпкерлердің екі негізгі тобы пайда болды. Олар – заңнамадағы олқылықтарды пайдаланып, салық салынатын табысын өзі үшін азайтып көрсететіндер және барлық салықты адал төлейтіндер. Кәсіпкерлердің осы екінші тобы бәсекеге төтеп бере алмай жатыр. Үкімет салық төлеуден жалтару үшін бизнесін бөлшектейтіндердің әрекетіне орынды назар аударды. Өкінішке қарай, мұндай жағдай жаппай белең алған.

Заңнамадағы олқылықтар бизнесті бөлшектеуге жол беріп отырғанын мойындау керек. Бұл мәселеге Үкімет те, депутаттар да жете мән бермеген. Тағы да әдемі көрсеткіштерге әуестеніп кеттік: елімізде екі миллионнан аса салық төлеуші, яғни жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар тіркелген деседі. Бірақ олардың қандай кәсіпорындар екеніне, қалай пайда болғанына, қанша салық төлейтініне, тіпті оны төлеп жатыр ма, жоқ па дегенге еш талдау жасалмаған. Бірақ қазір құр кінәлаудан іс оңға баспайды.

Енді ахуалды шұғыл түзету қажет. Үкімет пен Парламентке айтарым – заңнамаға жедел түрде тиісті түзетулерді енгізу керек. Әділ әрі тиімді салық жүйесін құру еліміздің болашағына, кейінгі ұрпақтың тұрмысына тікелей әсер ететінін ұғынған жөн. Билік бизнеске қолдау көрсетіп келді, көрсете де береді. Бұған күмән болмауға тиіс. Бірақ бизнестің өзі заңды және заңсыз болады. Біз заңды сақтау, тәртіпке бағыну керек деп жатамыз. Ендеше, Үкіметтің және жалпы биліктің қолдау шараларының игілігін, бірінші кезекте, адал әрі жауапты, ең бастысы, заң аясында жұмыс істейтін кәсіпкерлер көруге тиіс. Олар тиісті артықшылыққа ие болады», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Президент салық реформасы шеңберінде батыл шараларды дәл қазір қабылдау керек екенін, әйтпесе бұдан да зор қиындыққа тап болатынымызды ескертіп өтті.

Мемлекет басшысы бұдан әрі бірыңғай уақыт белдеуіне көшуге қатысты пікірталасқа тоқталды. Үкімет пен Парламент бұл мәселені талқылап, арнайы зерттеулер жүргізілгенін, шешімге күмән келтірген қоғам белсенділерінің қауіпі мен күмән-күдігі расталмағанын айтты.

«Үкіметтің және депутаттардың басым көпшілігінің, сондай-ақ мамандардың уәжімен келісемін: біздің кең-байтақ жеріміз бар, халқымыздың саны да салыстырмалы түрде алғанда көп емес. Сондықтан елімізде бірыңғай уақыт белдеуі болуға тиіс. Бұл тәсіл мемлекетті басқару ісін жеңілдетеді, логистика мен көптеген бизнес-үдерісті оңтайландыруға септігін тигізеді. Осымен пікірталасты доғару қажет деп ойлаймын, оның үстіне бұл мәселені саясиландырудың қажеті жоқ», деді Президент.

Қоғамды алаңдатқан түйткілдер

Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар қоғам белсенділері тарапынан көтерілген қоғамдық әдеп мәселесін қозғап, әлеуметтік желіде адамға тіл тигізу, ар-намысын

аяққа таптау көбейіп кеткенін, жалған мәлімет таратушылар да бар екенін сынға алды. Сонымен қатар Мәжіліс депутаты Ермұрат Бапи еліміздегі діни ахуалға алаңдаушылық білдіріп жүргенін тілге тиек етті.

«Құрылтай мүшелері Дания Қыдырбаева және Олжас Сүлеймен жат діни ағымдардың жастар арасында, әсіресе спорт саласында ықпалы күшейіп бара жатқанын айтты. Төріс ағымдарға, қазақтың болмысына жат идеологияларға тосқауыл қою қажет екеніне еш күмән жоқ. Елімізде дін бостандығына кепілдік берілген. Бірақ жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке жол беруге болмайды. Діннің аса маңызды миссиясы – ұлтты ұйыстыру. Діни ұйымдардың қызметін реттейтін құжаттар осы талапқа сай болуға тиіс. Бұл мәселені жан-жақты қарау керек. Соның ішінде заңнаманы жаңа жағдайға бейімдеп отыру өте маңызды», деді Мемлекет басшысы.

Одан әрі Қасым-Жомарт Тоқаев құрылтай мүшелерін алаңдатқан тағы бір жайт – түрлі алаяқтық әрекеттердің жиілеп кеткенін жеткізді. Төріс пиғылды адамдар қайырымдылыққа деп ақша жинап, оны жеке басының пайдасына жарататынын, сондай-ақ көп адам интернет-алаықтардан зардап шегіп жатқанын айтты.

«Бұған қоса қазір жұртқа ақыл айтып ақша табатын жалған психологтер мен «коучтар» көбейіп кетті. Оларға сеніп, алданып қалғандар көп. Маған бұл туралы көптеген шағым түсіп жатыр. Жауапты органдар бұл мәселені де назарға алуға тиіс.

Тағы бір түйткіл – қазір кинотеатрда көрсетілетін фильмдерге қатысты қоғамдық сын бар. Былтыр қазақстандық мамандар түсірген 94 фильм шыққан, яғни негізінен өзіміздің өнім шығарылып жатыр. Бұл – жақсы үрдіс. Бірақ біз ең алдымен санға емес, сапаға көңіл аударуымыз керек. Көрерменнің көңілін көтеріп, күлкі сыйлау – бір бөлек, жағымсыз әдеттерді насихаттау – бір басқа. Зорлық-зомбылықты, қатыгездік пен қылмысты насихаттайтын фильмдер де пайда болды. Осы жерде бір нәрсені ескерген жөн. Бүгінде фильмдердің басым көпшілігі мемлекеттік тапсырыспен емес, жеке қаржыға түсірілуде. Кино маңызды идеологиялық құрал екенін бәріміз жақсы түсінеміз. Сондықтан жеке қаржыға түсірілсе де, фильмді кинотеатрларға шығармас бұрын алдын ала сараптаудан өткізу жолдарын қарастырып жөн.

Сондай-ақ жақсы мысалдар да бар. Жақында «Шоқан. Қашқария сапары» деген мультфильм шығыпты. Бұл өскелең ұрпаққа әйгілі тарихи тұлға Шоқан Уәлиханов туралы мәлімет беретін өте жақсы туынды деп айтуға болады. Қазақ тілінде ұлттық нақышта түсірілген осындай мультфильмдер көп болуы қажет. Бұл – ұлт болашағына тікелей ықпал ететін мәселе. Сондықтан анимацияны дұрыс бағытта дамыту мәселесін қолға алу керек», деді Президент.

«Қазақстан балалары» атты бағдарлама қабылданады

Мемлекет басшысы өзіне белгілі адвокат Айман Омарова хат жолдап, әйелдер колониясындағы ахуалға тоқталғанын, әсіресе, жүкті әйелдер мен кішкентай балалары бар әйелдердің жағдайына баса назар аударғанын айтты. Еліміздегі қылмыстық-атқару жүйесінің мақсаты сотталған азаматтарды жазалау емес, түзету болуы керек деген пікірмен келісетінін жеткізді.

«Ер адам немесе әйел болсын, бас бостандығынан айырылғандардың бәрі заң алдында бірдей. Дегенмен адамгершілік құндылықтарды басшылыққа алып, «Заң мен тәртіп» қағидатын сақтай отырып, көмелетке толмаған баласы бар

әйелдерге қатысты кейбір заңдық ұстанымдарды қайта қарауға болады деп ойлаймын. Құқық қорғау органдары мен депутаттар осы мәселені байыпты әрі жан-жақты зерттеп, шешім қабылдау үшін ұсыныстар енгізуі керек», деді ол.

Қасым-Жомарт Тоқаев біртіндеп барлық салада ауқымды реформалар мен нақты өзгерістерді жүзеге асырып жатқанына тоқтала келе оның бәрі халықтың тілегі мен заманның талабына сай жасалатынын айтты.

«Бұл жердегі түпкі мақсат – барлығын өзгерту емес. Ең бастысы – атқарылып жатқан шаруаны оңтайландырып, оның тиімділігін арттыру. Алдымызда тұрған негізгі міндеттің бірі – жекелеген бағыттар бойынша мемлекеттік аппараттың жұмысын жүйелеп, ретке келтіру.

Өздеріңізге мәлім, елімізде түрлі салаға қатысты бағдарламалар мен кешенді жоспарлар бар. Биыл осындай бірқатар құжаттың мерзімі аяқталады. Әрине, оның кейбірі жалғасады, кейбірі мүлдем тоқтатылады. Үкімет мұқият ойластырып, нақты шешім қабылдауы керек. Ел болашағы үшін айрықша маңызы бар салалар бойынша жұмыс үздіксіз жалғасуға тиіс.

Мысалы, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес туралы жоспардың мерзімі биыл бітеді. Бұл құжат 2023 жылы әзірленген. Мұндай жоспар елімізге қажет екені анық. Өйткені осы қауіпті кеселге қарсы күрес – өте маңызды мәселенің бірі. Сондықтан жаңа құжатты дайындауға қазірден бастап кірісу керек.

Биыл балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, өзіне-өзі қол салудың алдын алу туралы жоспардың мерзімі де аяқталады. Біз әйелдер мен балалардың құқығын қорғау үшін нақты шаралар қабылдадық. Өткен жылы барлық аймақта балаларды Психологиялық қолдау орталықтары ашылды. Заңдарға маңызды өзгерістер енгізілді. Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күреске қатысты заң қабылданған соң ахуал біршама жақсарды. Бірақ кейбір шалғай аудандарда әлі күнге дейін мұндай келеңсіз оқиғалар тыйылмай тұр. Жат діни ағымның жетегінде жүрген адамдар жағдайды тіпті ушықтыруда. Жергілікті билік өкілдері мен қоғам белсенділері тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысынан шет қалып отыр. Оның үстіне осы бағыттағы жұмыстар қазір әртүрлі құжатпен реттеледі. Шашыраңқы болып тұр. Соның бәрін бір жерге жинақтаған дұрыс деп ойлаймын. Осыған орай, «Қазақстан балалары» атты біртұтас бағдарлама қабылдаған жөн», деді Президент.

Оның айтуынша, озық ойлы ұрпақ өсіру үшін білім мен тәрбие әрдайым қатар жүруі керек. Сондықтан аталған бағдарлама маңызды құжат болмақ. Оны дайындау үшін Үкімет, Парламент депутаттары, омбудсмен Динара Зәкиева, қоғам қайраткерлері өз үлесін қоспақ.

«Ашығын айтсақ, бала оқыту ісінде бұған дейін білімге көбірек назар аударылды. Ал ұрпақ тәрбиесіне қатысты жүйелі ұстаным болған жоқ. Бұл салаға тиісті деңгейде көңіл бөлінбей келді. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Сондықтан біліммен қатар тәрбиеге айрықша назар аудару өте маңызды. Былтыр мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды. Бағдарламаны қабылдау – істің басы ғана. Енді жаңа құжатты еліміздегі барлық мемлекеттік білім ошағына енгізу керек. Оны алдағы уақытта жекеменшік мектептер де басшылыққа алуға тиіс. Себебі тәрбие жұмысы балаларды түгел қамтуы қажет. Сонда ғана бұл бастама жалпыұлттық ауқымға ие болады. Жобаның түпкі мақсаты – отаншыл, білімді, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Мұның бәрі – адал азаматқа тән қасиеттер. Құрылтай мүшелері алдағы уақытта осы бағдарламаны «Адал азамат» деп атауды

ұсынып отыр. Мен бұл ұсыныспен толық келісемін», деді Президент.

Мекемелік марапаттарды ретке келтірген абзал

Қасым-Жомарт Тоқаев құрылтай мүшелері Зұлфия Байсақова мен Бану Нұрғазиева мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың критерийлерін қайта қарау және үкіметтік емес ұйымдар туралы заңнаманы жетілдіру қажеттігін жеткізгенін тілге тиек етіп, азаматтық сектор реформаларды жүргізу және қоғамды дамыту ісінде маңызды рөл атқаратынына тоқталды. Сонымен қатар мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың серіктестігі өзекті мәселелерді шешуге, жасампаз құндылықтарды дәріптеуге және ұлттық жаңа сапасын қалыптастыруға ықпал ететініне назар аударды. Осы орайда мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тиімділігін арттыру үшін қазіргі заманның талаптарына сай келетін жеке заң әзірлеу керектігін атап айтты.

«Біз кейінгі жылдары мемлекеттік наградалар мәселесін қайта қарап, бір жүйеге түсірдік. Енді ведомстволық марапаттарды ретке келтіру қажет. Мемлекеттік органдар бұл жұмысты назардан тыс қалдырды. Нақты ереже жоқ, бәріне ортақ мәліметтер қоры да жоқ. Соның кесірінен кейбір марапаттар орынсыз таратылып жатыр. Тіпті бір мемлекеттік органның төсбелгісін бір адам бірнеше рет алған жайттар да кездеседі. Мекемелік марапат – нағыз білікті мамандарға ғана берілетін, сол арқылы кәсіби мәртебені көтеретін маңызды награда. Бұған бейжай қарауға болмайды. Сондықтан мекемелік марапаттардың бірыңғай стандартын және тізімін жасау қажет. Әрине, әр мекеменің өз ерекшелігін ескерген жөн. Бірақ бәріне ортақ ұстаным болуы керек. Құзырлы органдарға осы шаруаны қолға алуды тапсырамын», деді Мемлекет басшысы.

Ономастика саласында жүгенсіздікке жол жоқ

Сонымен қатар Президент ономастика саласын ретке келтіру үшін ауқымды жұмыс басталғанына, көшелер мен елді мекендерге атау беру немесе атауларды өзгерту мәселесіне келгенде жергілікті атқарушы органдар көп қателік жібергеніне, бұл ретте тіпті, жерлестік пен тамыр-таныстыққа жол берілгеніне тоқталды. Сондықтан бұл істі орталықтан-дыру туралы шешім қабылданғанын жеткізді.

«Нәтижесінде, бізде ономастика саласындағы жұмыстың бірыңғай әрі нақты регламенті бар. Алайда тиісті рәсімдерді өзгертіп қана қоймай, сонымен бірге, бұл жұмыспен тиянақты айналысу керек. Тарихи өділдік қағидатын қатаң ұстану қажет. Біздің көрнекті тарихи тұлғаларымыз ұлықтауға әбден лайық. Сөз жоқ, олардың есімін ел жадында сақтау – перзенттік парызымыз әрі жалпыұлттық болмысымызға тән қасиет. Бірақ ономастиканы «тарихи еңбегі» ешқандай архив құжаттарымен расталмаған тұлғаларды ұлықтау құралы етуге болмайды.

Тәуелсіз Қазақстанда жоғары қызмет атқарған азаматтардың өзі кеңес дәуірінің қайраткерлерін, соның ішінде ашаршылықты ұйымдастыруға қатысы бар адамдарды әсіре мадақтаумен айналысып жүр. Бұл – өкінішті әрі түсініксіз нәрсе. Жалпы, бұл жұмысты ретке келтіру керек. Ел тарихында айрықша рөл атқарған әйгілі бабаларымыздың есімі көптеген елді мекендер мен көшелерге берілген. Енді осымен тоқтайық. Өткен заман қайраткерлерінің атын ел жадында сақтау мәселесіне мейлінше салмақты көз-қараспен қараған жөн. Қалалар мен көшелердің атауынан халқымыздың төл тарихы көрініс табуы қажет.

пен игі істерге жұмылдырады

Біз әдемі жер-су атауларын және халық ішінде кең таралған дәстүрлі атауларды толық пайдаланбай жүрміз. Бірақ ауыл-аймақтардың тарихи тұрғыдан ескірген атауларын өзгерту мәселесіне мұқият қараған жөн. Бұл жерде ешқандай науқаншылдық болмауы керек. Халық арасында жан-жақты түсіндіру жұмысын жүргізіп, тұрғындардың пікірін ескеру маңызды. Қазір елді мекендердің аумағы ұлғайып жатыр, қалаларда жаңа аудандар бой көтеруде. Осыған байланысты атауы қайталанатын немесе мүлдем атауы жоқ мыңдаған көше пайда болды. Бұл жағдай өрт сөндірушілерге, тәртіп сақшыларына, жедел жәрдем мен басқа да құрылымдарға қиындық туғызады. Ең алдымен осындай көшелердің атауын ретке келтіру қажет.

Жекеменшік нысандарға атау бергенде де жүгенсіздік болмауы керек. Кейде қала көшелерінде айтуға ыңғайсыз атауы бар тақтайшалар ілулі тұрады. Креатив деген, әрине, жақсы, бірақ қоғамдық тәртіп және әдеп нормаларын сақтау керек. Сондықтан кәсіпкерлердің де ономастика мәселесіне жауапкершілікпен қарағаны жөн.

Қазір депутаттар ономастика комиссиясының келісімімен ғана жеке нысанды адам атымен атауға рұқсат беретін түзетулерді қарап жатыр. Бұл – дұрыс шешім. Ономастика саласын, мемлекеттік және мекемелік марапаттар жүйесін жетілдіру, жасампаздық құндылықтарын дәріптеу, әлеуметтік кеселдерді жою, азаматтық қоғамды дамыту – мұның бәрі ауқымды идеологиялық жұмыстың ажырамас бөлігі. Сондықтан ішкі саясаттағы шаруаның бәрін жүйелейтін біртұтас тұжырымдамалық құжат керек деген пікірмен келісемін», деді Мемлекет басшысы.

Ұлттық киімге қызығушылық арта түсті

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Ұлттық құрылтай мүшелері – Еділ Жаңбыршин, Айдос Сарым, Никита Шаталов, Гүлмира Илеуова, Андрей Чеботарев, Данияр Әшімбаев, Марат Шибұтов, басқа да азаматтардың өз бастамаларымен Ішкі саясат тұжырымдамасының жобасын әзірлегеніне тоқталып, мемлекеттік органдар бұл жобаны жан-жақты зерделеп, барлық мәселені пысықтауы қажет екенін айтты.

«Құжатта құзырлы органдар мен мүдделі тараптардың қызметі бір арнаға тоғысуы керек. Онда мемлекеттік идеология жұмысының мақсат-міндеттері мен басымдықтары нақты белгіленуге тиіс. Тұжырымдамада халқымыздың бірегей болмысын, өмір салтын сипаттайтын жалпыұлттық құндылықтар мен негізгі нышандар айқын көрсетілуі керек. Бұл, ең алдымен, осы құндылықтар мен нышандарды қоғамда орнықтыру, оларды кеңінен дәріптеу және қорғау үшін қажет.

Келесі мәселе. Ұлттық бірегейлігімізді нығайту жолында мәдениет саласы айрықша рөл атқарады. Әсіресе төл мәдениетіміздегі Өз-Наурыз мейрамының орны бөлек. Наурыз мерекесі туралы жаңа тұжырымдама әзірленді. Еліміз Ұлыстың ұлы күнін 14 наурыздан, яғни Амал күнінен бастап, он күн бойы атап өтетін болды. Әр күнге нақты атау берілді. Жұртшылық бұл бастаманы жақсы қабылдады. Әсіресе Наурызнамадағы «Ұлттық киім күні» қоғамның зор қолдауына ие болды.

Ұлттық киімдерге деген қызығушылық арта түсті. Мектептерде, түрлі мекемелерде, сондай-ақ ірі компанияларда ұлттық киімге мән беріле бастады. Сұранысқа сай тігін цехтары ашылып, жаңа брендтер, дүкендер пайда болды. Осылайша, ұлттық киім кию біртіндеп қалыпты көрініске айналып келеді. Бұл – өте жақсы үрдіс. Бет жүзін тұмшалайтын

қара киімнен гөрі өзіміздің ұлттық киімдеріміз әлдеқайда артық. Әсіресе әйелдердің дәстүрлі киімі өте ғажап көрінеді. Себебі ұлттық киім – біздің бірегей болмысымыздың маңызды көрінісі. Оны жан-жақты дәріптеуіміз керек» деді Президент.

Оның айтуынша, тәуелсіздік жылдарында мәдениет саласында көп жұмыс атқарылды. Классикалық және заманауи музыкаға арналған сәулетті ғимараттар салынды. Көптеген театр ашылды. Қазақстанда театр өнеріне қызығушылық артып келеді. Зал көрерменге толы, қойылымдардың премьерасына билеттер екі-үш апта бұрын сатылып кетеді.

«Сахна өнеріне құштар жандардың арасында жастардың көп болуы көңілге ерекше қуаныш ұялатады. Қазір Қазақстанда 46 аймақтық театр бар. Алайда оның көпшілігінің жай-күйі мәз емес. Мысалы, Семейде бір ғимаратта үш бірдей театр сығылысып отыр. Әсіресе аймақтарда театрларды салуға және дамытуға баса назар аудару керек. Халқымыздың мәдени әралуандығын сақтауға мүмкіндік беретін орыс және басқа да ұлттық театрларды қолдау маңызды. Елімізде өнердің бұл түрі де табыс әкелетінін дәлелдеп жүрген жеке театрлар аз емес. Сондықтан бизнес өкілдерін аймақтағы театрларға белсене қолдау көрсетуге шақырамын», деді Мемлекет басшысы.

Келесі құрылтай Қызылордада өтеді

Биыл ұлы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бес жыл бұрын ұлы ойшылдың туғанына 175 жыл толуына орай Семейде абайтанушы ғалымдармен кездесіп, Абай институтын құру туралы ұсыныс айтқанын еске алды. Бүгінде бұл бастама цифрлық платформа форматында іске асырылып, елдегі диаспоралар мен басқа да шетелдіктерге қазақ тілін үйрету құралы ретінде жұмыс істеп тұр. Оның айтуынша, ендігі мақсат – осы жобаны толыққанды мәдени-ағарту мекемелеріне айналдыру. Бұл құрылым Конфуций, Гёте, Сервантес институттары сияқты жұмыс істеуі керек.

«Абай институты негізгі серіктес елдердің бәрінде төл мәдениетімізді насихаттайтын орталық болуға тиіс. Бірқатар елде, мысалы, Қытай, Түркия, Моңғолия және басқа да мемлекеттерде осындай орталықтар ашылатын болды. Сыртқы істер министрлігі мен «Отандастар» қорына Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, шетелде осындай орталықтар ашу мәселесі бойынша тиісті жұмысты жалғастыруды тапсырамын.

Тағы бір мәселе. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы белсенді жұмыс істеп жатыр. Бұл – қуантарлық жайт. Осы ұйымның бастамаларын біз тұтас қоғам болып әрі қарай қолдауымыз керек. Мәдениет дегеніміз жай ғана ғимараттар мен мекемелер емес, бұл – ұлттық сана-сезімді жаһандық ауқымда нығайта түсетін мықты тұғыр. Біз ЮНЕСКО-мен ынтымақтастық аясында Қазақстанның материалдық және материалдық емес мұраларын халықаралық тізімдерге енгізуге айрықша мән беріп жатырмыз. Үкімет түрлі ұлттың барша адамзатқа ортақ білім қазынасына қосқан зияткерлік үлесін көрсететін «Әлем жады» тізіміне деректі мұраларымызды енгізу жұмысын жандандыру қажет.

Жаңа заманда біздің алдымызда жаңа міндеттер тұр. Көптеген ел өзінің салт-дәстүрі мен қазіргі инновацияларды өзара үйлестіру арқылы дамудың даңғыл жолына түскенін тарихтан көріп-біліп отырмыз. Сол секілді біз де төл мәдениетімізді қазіргі әлемдегі шынайы жағдайға бейімдеуіміз қажет», деді Президент.

Сонымен қатар ол кейінгі жылдары ұлттық бірегейлігіміздің маңызды факторы тарих ғылымының дамуына ерекше көңіл бөліп жатқанымызға, бұл құрылтай ел астанасын Қызылордаға көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына жүз жыл толуымен тұспа-тұс келгеніне тоқталды. Халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы да бір ғасыр бұрын қайтарылғанын еске салды.

«Біздің мемлекеттігіміз мыңжылдықтардан бастау алады, оның тамыры тым тереңде жатқаны даусыз. Бірақ осыдан бір ғасыр бұрын ұлтымыздың өз атауының оралуы тарихи әділдік орнату жолындағы маңызды қадам болғанын ашық айтуымыз керек. Бұл істе сол кездегі Үкімет басшысы Сәкен Сейфуллин айрықша рөл атқарды. Ол «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген мақала жазып, арнайы идеологиялық науқанды бастап берді. Мұндай маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс. Осы ретте құрылтайдың келесі отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынамын.

Осы жиында мен көрнекті қаламгер Төлен Әбдіктің жыл басында «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатын атап өткім келеді. Жазушы «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деп орынды пікірін айтты. Осы ретте қосымша айтарым: Өз ұлтыңды өзгелерден биік қою түптің түбінде жарға жығады. Қазақ халқы өзгелерден кем емес, бұл – ақиқат, бірақ артық та емес деп айтуымыз керек. Қазақ халқын данышпан деп айтсақ, қателеспейміз. Дегенмен дүниежүзінде данышпан халықтар аз емес. Бұл да – ақиқат. Мұндай пікір кейбір адамға ұнамауы мүмкін. Алайда көпшіліктің көңілінен шығамын деп тура сөзден жаңылуға болмайды. Шын мәнінде, әр ел басқа жұрттан даму деңгейіне қарай озбақ. Жалпы, біз төл тарихымызға көкжиегі кең, тамыры терең өркениеттік көзқараспен қарауымыз керек. Бұл – өте маңызды. Сонда ғана халқымыздың өткеніне, бүгінгі мен болашағына мүлде жаңа көзқарас пайда болады», деді Мемлекет басшысы.

Көшпенділер дәстүрі – қуат көзі

Қасым-Жомарт Тоқаев одан әрі қазір отандық тарих ғылымының және біздің зияткерлеріміздің алдында төл тарихымыз туралы түсінікті жаһандық өркениет парадигмасы тұрғысынан кеңейту міндеті тұрғанына тоқталды. Оның айтуынша, көптеген ғалымдар мен қоғам белсенділері әлі күнге дейін Қазақстанның жылнамасына ұлттың жадына жара салған тарихи оқиғалар тұрғысынан қарайды. Бұл жағдай төл тарихымызға көзқарас ауқымын тарылтады.

«Осы сәтті пайдалана отырып, кеңестік кезеңге қатысты біржақты талдаулар мен пайымдаулардан сақтандырымыз келеді. Менің пікірімше, біз үшін бұл ортақ тарихтың күңгірт тұстары болды, бірақ жарқын тұстары да бар. Мұны дұрыс түсіну керек. Әйтпесе, бір әлеуметтік-саяси даму жолында салдары ауыр соғатын адасудың құрсауында қалуымыз ықтимал. Аз зерттелген немесе мүлде зерттелмеген тақырыптарды ғана зерделеу жеткіліксіз. Біз Қазақстанды өлем өркениетінің дербес бөлігі ретінде танытуымыз керек. Қазақ халқының әмбебап әрі бірегей өмірлік тәжірибесін толық ашып көрсету маңызды. Бұл қазіргі Қазақстанның миссиясын терең түсінуге септігін тигізеді.

Көшпенділер өркениетінің бесігі болу дегеніміз өз елінің өткенін есте сақтау ғана емес, сонымен қатар бұл – түрлі халықтар мен мәдениеттерді, дәуірлер мен кеңістіктерді ортақ игілік үшін жұмылдыру деген сөз. Тарихымыздың әр белесі бізге бөлінуді емес, бірігуді,

қиратуды емес, жасампаз болуды үйретіп келеді. Сондықтан Қазақстан Ұлы дала жүрегі ретінде бүгін де өзінің тарихи миссиясын жалғастыра беруді керек.

Көне заманнан келе жатқан көшпенділер дәстүрі елді артқа тартатын емес, болашаққа бастайтын мықты қуат көзі болуға тиіс. Дей тұрғанмен, тарихты аңызға айналдырып, ескі заманның шырмауында қалып қоюға да болмайды. Тарихи-мәдени мұрамызды XXI ғасырға сай жаңғыртып, жүйелі түрде дәріптеуіміз қажет. Ғылыми зерттеулер жүргізу, тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру, археологиялық қазба жұмыстарын жандандыру, музей ісін дамыту, шетел мұрағаттарын зерделеу, салт-дәстүрімізді жаңғырту – осы жұмыстың бәрін бір жоспарға келтіру керек», деді Президент.

Тұтас Торғай өңірін жаңғыртатын жоба

«Біз Ұлттық құрылтайдың отырыстарында үнемі әлеуметтік және мәдени-гуманитарлық мәселелерге қатысты маңызды шешімдер қабылдап қана қоймай, ел дамуының басқа да бағыттары бойынша басты басымдықтарды айқындаймыз», деген Президент аймақтардағы экономиканың өркендеуіне серпін беретін жаңа мүмкіндіктерге жол ашу және өңірлердің даму деңгейіндегі теңсіздікті жою қазір мемлекет алдында тұрған негізгі міндеттің бірі екеніне назар аударды. Оның айтуынша, биыл экономиканың нақты секторына жұмсалатын қаржы көлемін екі есеге жуық көбейтіп, 8 трлн теңгеге дейін жеткізу жоспарланып отыр. Алдағы жылдары Үкімет нақты секторға бөлінетін қаржы көлемін 10 трлн теңгеге дейін жеткізуге тиіс. Бұл жерде бизнесті қолдаудың елімізде бұрын-соңды болмаған ауқымды шаралары туралы айтылып отыр. Осы орайда ол елімізде жүзеге асып жатқан бірқатар ірі жобаға арнайы тоқталды.

«Сондықтан биліктің, Үкіметтің бизнеске қысым көрсетіп жатқаны жөніндегі әңгімелер мүлде негізсіз. Бизнес әрдайым Үкімет назарында болған, алдағы уақытта да тыс қалмайды. Қазір бүкіл елімізде ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Атап айтқанда, 2025–2026 жылдардың өзінде Қашаған кенішінде газ өңдеу зауытын, сонымен қатар «Талдықорған – Үшарал» магистральды газ құбыры мен «Бейнеу – Бозой – Шымкент» газ құбырының екінші желісін іске қосу көзделген. Үкімет Қызылорда және Түркістан облыстарында бу-газ құрылысына негізделген электр станса-сын салуды жоспарлап отыр. Алматыдағы ЖЭО-2 және ЖЭО-3 жаңғыртылады.

«Кендірлі» демалыс аймағында су тұщытатын зауыт жұмыс істей бастайды. Кәсіпорын Жаңаөзен қаласы тұрғындарын ауызумен тұрақты қамтамасыз етеді. Қарағандыда және Екібастұзда болат қорытатын зауыттар, Жамбыл облысында минералды тыңайтқыш өндіретін химия кешені пайдалануға беріледі. Алматы қаласында және Қостанай облысында автокөлік зауыттары ашылады.

«Достық – Мойынты» теміржол учаскесінің және Алматы бекетін айналып өтетін теміржол желісінің құрылысы аяқталады. «Қызылжар – Мойынты» бағытында жаңа жоба басталады. Ақтауда Каспий теңізінің жағалауындағы контейнер хабы салынып бітеді. «Қорғас – Шығыс қақпа» ЕЭА аумағында халықаралық әуежай жұмыс істей бастайды. Зайсан, Катонқарағай мен Кендірлі демалыс аймақтарында да әуежай ашылады. Каспий теңізінің ұлтанымен талшықты-оптикалық байланыс желісі тартылады, бұл қадам Еуропа мен Азия арасында цифрлық дәліз жасауға мүмкіндік береді.

(Жалғасы 4-7-беттерде).

Ұлттық құрылтай ортақ мақсат

(Жалғасы. Басы 1-3-беттерде).

Еліміздің автокөлік жолдары желісін дамыту жұмысының мән-маңызы өте зор. Осы тұста тағы бір маңызды инфрақұрылымдық жоба қолға алынатыны туралы жариялағым келеді. Мен Үкіметке Астанадан Арқалық, Торғай және Ұрғаш арқылы Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне тура шығатын автокөлік жолының құрылысын бастауды тапсырдым. Жаңа күре жол орталық және батыс аймақтардың арасын 560 шақырымға қысқартады. Бұл – тұтас Торғай өңірінің дамуына тың серпін беретін ауқымды жоба.

Бұған қоса Арқалықтағы әуежайды қалпына келтіріп, жаңа аэровокзал салған жөн. Бұл жоба ішкі көлік қатынастарын едәуір жақсартады. Сондай-ақ орталық аймақтағы ауыл шаруашылығы жерлерін игеруге және мал шаруашылығын дамытуға тың серпін береді. Елімізде машина жасау, метал-лургия, мұнай-химия, агроөнеркәсіп және көлік-логистика салаларында мұндай жобалар аз емес», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өңірлерді дамыту тұжырымдамасы әзірленіп жатыр

Мемлекет басшысы 2022 жылы жаңадан үш облыс құрып, осы аймақтардың дамуына күшті серпін берілгеніне, соның арқасында әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер едәуір артып, инвестиция келе бастағанына тоқталды. Жергілікті тұрғындардың тұрмыс сапасы да жақсара түскен.

«Менің тапсырмаммен Абай және Шығыс Қазақстан облыстарында шекара маңындағы бірнеше аудан қалпына келтірілді. Мұны жұрт өте жақсы қабылдады. Жаңа аудандарда тіршілік жанданды, инфрақұрылым жақсара бастады. Ауылды дамыту тұжырымдамасында шекаралық аумақтарға қатысты жұмыстың негізгі бағдары айқындалған. Шеткері жатқан елді мекендердің ахуалы ел іргесінің бекем болуына тікелей әсер етеді. Бұл – стратегиялық маңызы бар мәселе. Сондықтан осы бағыттағы жұмысты белсенді түрде жалғастыру керек.

«Аманат» партиясы шекара маңындағы аудандарды дамытуға қатысты жаңа заң қабылдауды ұсынып отыр. Үкіметке депутаттармен бірге бұл бастаманы жан-жақты қарастыруды тапсырамын. Әдетте шекара маңындағы аудандар арқылы маңызды көлік-логистика дәліздері өтеді. Биыл автокөліктерге арналған 9 кеден бекетін жаңғырту жұмыстарын аяқтау керек. Соның нәтижесінде мұндай бекеттердің өткізу мүмкіндігі 6 есе артады. Бұл жоба еліміздің транзиттік әлеуетін нығайтуға едәуір үлес қосады.

Аймақтардың дамуындағы алшақтықты жою үшін нақты стандарттарға сүйене отырып инфрақұрылым, әлеуметтік қамсыздандыру, экологиялық көрсеткіштер және басқа да маңызды өлшемдер бойынша артта қалған өңірлерді анықтау қажет. Орталықтың күш-жігерін осындай алшақтықты жоюға жұмылдыру керек. Сол үшін қазір Өңірлерді дамыту тұжырымдамасы әзірленіп жатыр. Құжатта аймақтар арасындағы теңсіздікті жоюға және мекемелер арасындағы өзара іс-қимылды жақсартуға бағытталған тың тәсілдер қарастырылады. Өңірлердің іс-қимылы нақты салаға жауапты мемлекеттік органдардың республикалық деңгейде атқарып жатқан жұмыстарына сәйкес жүргізілуі қажет. Іс-шаралар үйлесімді болуға тиіс.

Бұл – барлық салаға қатысты мәселе. Мысалы, солтүстікке көктем енді келіп жатыр. Қар еріп, елді мекендерді қарғын су басу қаупі туындайды. Былтырғы



тасқыннан орталық та, жергілікті билік те тиісті қорытынды жасады деген ақпаратты алып жатырмын. Жаз шыққан соң өрт қаупі күшейеді. Табиғат апаттарының алдын алу, сақтану шаралары үнемі назарда болуы керек. Мен жаппай цифрландыру мен жасанды интеллектті барлық салаға кеңінен енгізу мәселесіне үнемі назар аударамын», деді Президент.

«Жасанды интеллект – жеке бақылауымда»

Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканың барлық саласы және еңбек нарығы жасанды интеллекттің тікелей қатысуымен түбегейлі өзгеріп, соның салдарынан адамзат тіршілігінің мәні мен қалыбы басқаша сипат алып бара жатқанына назар аударды. Осы орайда инновациялар экономикасы деген жаңа құбылыс пайда болды. Онда өзгеше ойлау қабілеті, шығармашылық тұрғыдағы жаңашылдық және әлеуметтік дағдылар алдыңғы қатарға шығады.

«Жасанды интеллектті қолдану бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін барынша арттыруға, салық және кеден ісін жүргізудің сапасын жақсартуға, мемлекеттік сатып алу саласын оңтайландыруға, сондай-ақ азаматтар мен мемлекет арасындағы өзара іс-қимыл үрдістерінің бәрін одан әрі жеңілдетуге мүмкіндік береді. Сол себепті цифрландыру және жасанды интеллект мәселелерімен жеке өзім айналысып жатырмын. Шетелдік мамандармен, кәсіпкерлермен кездесіп жүрмін. Жүздесулердің барлығы ресми жариялана бермейді. Бірақ бұл мәселе – менің бақылауымда. Таяу арада, мүмкін жыл соңына дейін Астанада Smart city жобасы енгізілгенін хабарлаймыз. Бұл істе БАӘ, АҚШ компанияларымен ынтымақтастық орнаттық. Қытайдың құрылымдарымен де тығыз қарым-қатынас жолға қойылған. Дәл осы бағытта еліміз нақты прогреске қол жеткізеді деп ойлаймын», деді Президент.

Оның айтуынша, құзырлы мемлекеттік органдар сарапшылармен және IT-мамандармен қоян-қолтық жұмыс істей отырып, артық шығындарды азайтуға, барлық саланың ашықтығын қамтамасыз етіп, өнімділігін арттыруға арналған тың тәсілдер іздеп тауып, оны қолданысқа енгізіп отыруға тиіс. Экономиканың барлық саласына цифрлық технологиялардың енгізілуі еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын ең басты фактор болуы керек. Бұл жерде цифрлық активтер индустриясы мен блокчейн технологиясын дамыту маңызды рөл атқарады.

«Цифрлық активтердің заңды айналымын қамтамасыз ету, криптоайырбастау қызметін жүргізу және цифрлық майнингке инвестиция тарту үшін осы саланы реттеу ісін ырықтандыруда шұғыл шаралар қабылдау

қажет. Бұл қадам еліміздің осы аймақтағы цифрлық қаржы технологияларының орталығы ретіндегі рөлін арттырады. Сондай-ақ цифрлық активтердің көлемі айналымын азайтуға мүмкіндік береді әрі салық түсімін көбейтуге септігін тигізеді. Мұнда Америка ашып отырған жоқпын, Президент Трамп басқаратын АҚШ әкімшілігі осы бағытқа ден қойды. Біз мұны ескеруіміз керек.

Қазіргі заманда экономика инновацияға негізделуі керек екені сөзсіз. Біз ғылымды дамыту, соның ішінде қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін көп жұмыс істеп жатырмыз. Ғылыми жаңалықтарды коммерцияландыруға, ғылым мен өндірістің байланысын күшейтуге баса мән беріліп отыр.

Дегенмен Қазақстанда әлі күнге дейін бірде-бір ғылым қалашығы жоқ. Алматы іргесіндегі «Алатау» инновациялық технологиялар паркінің аумағында ғылым қалашығын құру туралы идея бар екенін білемін. Үкімет осы бастаманы жан-жақты зерделеп, тиісті заң дайындауы керек. Ғалымдардың пікірінше, тиісті тәжірибесі мен дәстүрі бар Курчатова қаласы екінші ғылым қалашығы бола алады. Бірақ мынаны ескерткім келеді: осы жоспардың бәрі шынайы есеп-қисапқа және табанды жұмысқа негізделуге тиіс. Көзбояушылық пен көпірме сөзге әбден тойдық. Енді оның сұрауы қатты болады», деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы біздің бастама көтеріп, кейіннен оны ұмытып кететінімізге, оның жазылмас дертке айналғанына арнайы тоқталды.

«Жоспарда бәрі әдемі, әсіресе оны ғалымдар түзіп жатса, бұл – жақсы. Бірақ нақты есеп керек. Оның ішінде бюджеттің мүмкіндігі ескерілгені жөн. Бастысы – осы жоспарлардың тиімді орындалуы. Сондықтан мен ұсыныстың жалпы қабылданғанын ескертіп отырмын. Шын мәнінде, ғылым қалашығы керек. Оларды Алматыда, Курчатова салу ақылға қонады. Бірақ Үкімет те, ғалымдар мен салалық министрлік те нәтиже шығару қажет екенін түсінгені жөн. Біз ғалымдарды шетелде тағылымдамадан өткізу тәжірибесін енгіздік. Бірақ ғылымға мүлде қатысы жоқ ғалымдар шетел асты. Мен 78 жасында «Болашақ» бағдарламасымен оқуға барған кісіні білемін. 78 жаста қайдағы «Болашақ?». Көп істің соңы осындай түсініксіз жағдайларға ұласып кетеді», деді ол.

Туризм – бизнес пен экономиканың тұтас саласы

Мемлекет басшысы туризм саласының дамуына арнайы тоқталды. Жергілікті жердегі республикалық және халықаралық іс-шаралар өңірлердің туристік әлеуетін арттыруға ықпал ететінін айтты. Оның айтуынша, биыл Таразда өтетін «Достастық жәрмеңкесі» осындай жобаның бірі болмақ. Жәрмеңкеге көп-

теген елдің қолөнершілері мен ауыл шаруашылығы мамандары шақырылды. Бұл іс-шара серіктес елдермен экономикалық байланысымызды одан әрі күшейтеді.

«Сонымен қатар ең көне сауда және мәдениет орталығының бірі Тараз қаласының беделін арттыра түседі, облысқа жаңа инвестиция тартуға және туристердің көптеп келуіне септігін тигізеді. Жалпы, әр аймақта жұртшылық асыға күтетін әрі дәстүрге айналған осындай маңызды мәдени-туристік іс-шаралар өтіп тұрады. Оны негізінен демеушілердің қаражаты есебінен ұйымдастырған жөн. Іс-шараларды жыл бойы жалғасатындай етіп біркелкі бөлу, бренд ретінде қалыптастырып, жарнамалау қажет. Әрбір оқиға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетіліп, ел ішінде және шетелдерде жұрт назарына ілігуге тиіс. Мұның бәрі адамдардың аймақтарға қызығушылығын арттырып, туризмді дамытуға мүмкіндік береді.

Туризм – бизнес пен экономиканың тұтас саласы. Мамандарды даярлау қажет. Табиғи байлығымен, жан-жануарлар дүниесімен бүкіл әлемге танымал еліміздің биологиялық әралуандығын қорғау айрықша маңызды міндетке айналды. Кеше жұмыс секциясы кезінде «Ауыл» партиясының өкілдері киіктер туралы мәселе көтергенін білемін. Аймақтардағы шаруалардан да осыған қатысты өтініштер-хаттар келіп жатыр. Рұқсатсыз аң аулағандарға жазаны күшейту үшін менің бастамаммен 2019 жылы заңнамалық шаралар қабылданды. Осы және басқа да жан-жақты шаралардың нәтижесінде еліміздегі киік саны күрт артты. Қазір оларға жойылып кету қаупі төніп тұрған жоқ.

Бірақ енді басқа мәселе туындады. Ауыл шаруашылығы зардап шегіп жатыр. Эпизоотиялық ахуалдың да күрделеніп кету қаупі бар. Жалпы, экожүйеге түсетін салмақ артты. Үкіметке білікті мамандарды жұмылдыра отырып, осы мәселені жан-жақты зерделеуді және байыпты шешім қабылдауды тапсырамын», деген Президент Балқаш көлінің айналасында Тұран жолбарысының популяциясын қалпына келтіру басталғанын, келесі кезекте ілбістерді сақтап, оның санын көбейту керектігін айтты.

«Адамзаттың бүлдіргі іс-әрекетінің кесірінен Каспий итбалығы, қызғылт қоқиқаз және басқа да ерекше жан-жануарлар мен өсімдіктер өлеміне қатер төніп тұр. Ащы да болса шындық – осы. Біз табиғаттың осы бір сыйына барынша назар аударып, оны сақтай білуіміз қажет. Сондықтан Халықаралық биологиялық әралуандықты қорғау қорын құру керек деп санаймын. Мен Мемлекет басшысы ретінде бұл ауқымды жұмыстың маңызы орасан зор екенін көрсету үшін осы қоғамдық ұйымға өзім жетекшілік етуге дайынмын.

пен игі істерге жұмылдырады

Бұған қоса біз тағы бір қазынамыз – тазыны халықаралық тізімге енгізе алғанымызды айта кеткім келеді. Аң аулайтын айрықша қасиеттері бар қазақы иттің тұқымын енді бүкіл әлем біледі. Жақында мен Парижде Елисей сарайында болдым. Франция Президенті Эмманюэль Макронға сыйлаған қос тазыны көрдім. Франциялықтар тазылардың ерекше қабілетіне тәнті», деді ол.

Әлеуметтік мәселелер – қашанда басты назарда

Мемлекет басшысы өзінің тапсырмасымен екі жыл бұрын «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы басталғанын айта келе жобаның негізгі мақсаты мектептегі орын тапшылығын жою, сондай-ақ апатты және үш ауысымды мектептер мәселесін шешу болғанына назар аударды. Оның айтуынша, Ақмола облысы ұлттық жоба бойынша салынатын барлық мектептің құрылысын бірінші болып аяқтаған. Аймақта 12 мыңнан аса оқушыға арналған жаңа білім ошақтары ашылған. Ал басқа облыстарда құрылыс барысы мез емес.

«Биыл елімізде 500 мың оқушыға арналған 200-ден аса мектеп салынады. Мына жайтты қаперде ұстаған жөн: барлық жерде тек «Жайлы мектеп» жобасы аясында мектеп салу міндетті емес. Сапалы салынған қарапайым мектептерге де сұраныс жоғары. Жуырда Талдықорғанға бардым. Ондағы қазақ мектебі қарапайым болса да тартымды. Осындай мектептерді барлық жерде салу керек. Өйткені «Жайлы мектептер» айтарлықтай қымбат, оны әр облысқа сала берудің қажеті де шамалы. Үш жылда 1 300, соның ішінде ауылдағы 900 білім ордасын жаңғырту қажет. Жаңа оқу жылына дейін мемлекеттік және жекеменшік мектептің барлығы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін арнайы құралдармен жабдықталуға тиіс», деді Президент.

Сонымен қатар ол ел бойынша медицина инфрақұрылымын барынша дамыту жұмыстары жалғасатынына тоқталды. Осы жылдың соңына дейін «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 188 медицина нысаны салынбақ. Риддерде көпбейінді аурухананы, Өскеменде гематология орталығын, Ақтауда жедел жәрдем стансасын, Алматыда Жұқпалы аурулар ұлттық ғылыми орталығын, Астанада Ұлттық ғылыми онкология орталығының жаңа ғимараты пайдалануға беріледі. 2026 жылы 32 аудандық орталық аурухананы жаңғыртуды, сондай-ақ Қызылорда және Маңғыстау облыстарындағы ауруханаларды салып бітіруді тапсырды.

Бұған қоса Президент тұрғындарға, әсіресе әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтарға баспананың қолжетімді болуы тұрмыс сапасының жақсарғанын білдіретін негізгі көрсеткіш екенін айтып, былтыр мемлекет осы санаттағы адамдар үшін 21 мыңға жуық пәтер сатып алғанын жеткізді. Ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған заманауи оңалту орталықтары бой көтергеніне, басқа да қалаларда осындай орталықтар ашу қажеттігіне, әрбір облыс орталығында ерекше қажеттілігі бар, соның ішінде аутизмге шалдыққан балаларды оңалту және дамыту орталықтарын құру керек екеніне тоқталды.

Президенттің айтуынша, Ұлттық құрылтайдың отырыстарын әр облыста өткізудің ұтымды тұсы бар. Алқалы жиында аймақтың дамуына қатысты өзекті мәселелер де қаралады. Мемлекет басшысы Ақмола облысындағы кейбір бастамалар мен жобаларға назар аударды.

«Өздеріңіз білесіздер, мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп

жарияладым. Бұл – кәсіптік және техникалық білім беру саласын жаңғыртуға және жұмысшы мамандардың қоғамдағы беделін арттыруға арналған маңызды шешім. Жастардың мүмкіндігін арттырып, кәсіби бағыт-бағдар беруге баса назар аудару қажет. Олардың сұранысқа ие жұмысшы мамандықтарды меңгеруіне жағдай жасау керек. Бұл – өңір басшыларының бәрінің міндеті.

Жастардың заман талабына сай білім алуын қамтамасыз ету үшін Үкімет пен облыс әкімдігі Қосшы қаласында халықаралық деңгейдегі колледж ашуы керек. Қаланың Астана іргесінде тұрғанын және тұрғындарының саны тез өсіп келе жатқанын ескерсек, бұл – өте өзекті мәселе.

Қазірдің өзінде алыс-жақын шетелдерге кеңінен танымал Бурабай жерінің мол мүмкіндіктері бар. Осы курорттық аймақты дамытудың 2029 жылға дейінгі кешенді жоспары қабылданды. Оны жүзеге асыру үшін шамамен 140 млрд теңге бөлінеді.

Ең алдымен Щучинск-Бурабай курорттық аймағындағы инфрақұрылымды дамыту қажет. Барлық экологиялық талаптар қатаң сақталуға тиіс. Туристерге әлемдік стандарттарға сай қызмет көрсетілуі керек. Жаңадан салынатын Конгресс-орталық Бурабайдың бетке-ұстар орны болуы қажет. Орталық іске қосылатын болса, демалыс аймағына жұрттың қызығушылығы да арта түседі. Сондай-ақ туристік маусымнан тыс уақытта адамдар көптеп келе бастайды. Үкімет пен әкімдікке осы мәселені тыңғылықты қарастыруды тапсырамын», деді ол.

Клубтық футболға бизнес ретінде қарау керек

Қасым-Жомарт Тоқаев спорттың түрлі саласын, әсіресе, қысқы спорттан ұлттық құрамаларды даярлау үшін өңірдегі спорт базаларын дамыта беру керек екеніне де арнайы көңіл аударды. Оның айтуынша, елімізде футболды дамытуға баса мән беру керек. Демеушілер қаржысы есебінен облыстық стадиондардың көпшілігін жаңғырту қажет немесе жаңа футбол стадиондарын салуды қолға алған жөн.

«Әрбір облыс, аудан орталығында, кент пен ауылда балаларға арналған футбол алаңы болуға тиіс. Бұл – алдағы екі жылдың міндеті. Оның орындалуын тексереміз. Сонда ғана біз бүкіл әлемге танымал өрі әлеуметтік, бұқаралық спорт саналатын осы ойынды жаңа деңгейге көтере аламыз. Балаларды, жасөспірімдерді футболға қызықтыру арқылы лудомания, нашақорлық мәселесін біршама шешуге болады. Осы салаға жауапты министрлік, Футбол федерациясы, жергілікті атқарушы органдар, кәсіпкерлер клубтық футболды коммерциаландыруға нақты кірісуі керек.

Клубтар облыстық бюджеттерге ғана арқа сүйемей, шетелдердегі секілді өздері де табыс табуды үйренуі керек. Сондықтан мен кәсіпкерлерді клубтық футболға бизнес ретінде қарауға шақырамын. Футбол клубтары жекеменшікке өтпей, іс алға баспайды. Бұл – әлемдік тәжірибе. Клубтар жекеменшік болса, шетел спортшыларын шақыру құқығына ие болады.

Спортты насихаттау, оны әсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында дөріптеу – ұлт саулығының кепілі. Кейінгі жылдары мемлекет қолдауының нәтижесінде балалар спорты қарқынды дами бастады. Бірақ бұл – жеткіліксіз. Сондай-ақ бизнес өкілдері өскелең ұрпақты дене шынықтыруға және спортқа баулу ісіне зор үлес қоса алады деп ойлаймын.

Астанада шығармашылыққа арналған үйірмелерді де, жекелеген спорт секцияларын да ашып, көпке үлгі болып

отырған жекеменшік Балаларды дамыту орталығы бар. Бұл тәжірибені басқа аймақтарда да қолданған жөн. Мемлекет барлық аймақта спорт инфрақұрылымын дамытуға баса мән береді. Биыл Астанада Ұлттық спорт университетінің, Түркістанда ескек есу спортына арналған каналдың, Қызылордада футбол стадионының, Жетісу облысында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің, Оралда ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған спорт кешенінің құрылысы аяқталады.

Биыл Көкшетауда көпфункционалды спорт кешенінің құрылысы басталады. Бұл Қазақстанда теңдесі жоқ орталық болмақ. Осы жобаны арнаулы мемлекеттік қордан, яғни заңсыз активтерді қайтару есебінен қаржыландыру керек. Үкіметке осы мәселені пысықтауды тапсырамын», деді Мемлекет басшысы.

Еліміз «орта державаға» айналды

Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық аренада бұрын-соңды болмаған қақтығыстар, ушыға түскен сенім дағдарысы, қадір-қасиеті кете бастаған халықаралық құқық, экономикалық шайқастар қазіргі әлемнің басты сипатына айналғанына тоқталды. Оның айтуынша, мұның бәрі жаңа технологиялық қалып орныққан, маңызды ресурстар үшін талас-тартыс күшейе түскен, өндіріс және сауда-логистика байланыстары қайта құрылып жатқан, техногендік және табиғи апаттар туындаған кезеңге тұспа-тұс келіп отыр. Беделді саясаткерлер мен сарапшылар «дүние жүзі жаппай берекесіздік жайлаған немесе болашағы бұлыңғыр жаңа заманның қарсаңында тұр» деген пікір білдіре бастаған.

«Демократиялық моральдық делініп жүрген құндылықтар, оның ішінде ЛГБТ көптеген елге ондаған жыл бойы таңылып келді. Осындай желеумен халықаралық үкіметтік емес қорлар мен ұйымдар көптеген елдің ішкі ісіне негізсіз араласты. Оның түпкі мақсаты бар болғаны ұрлық, яғни сан миллиардтық бюджетті қалтаға басу екен. «Даму мен демократия», «адам құқықтары», «баспасөз бостандығы», «сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» деп ұрандатып жүргендердің бәрінің дерлік жеке байлығы жалақысының мөлшеріне еш сай келмейді. Сондықтан Президент Трамп бастаған Америка әкімшілігінің жаппай қызмет бабын асыра пайдалануға қатысты оқиғаларды анықтауға және «тұңғыш мемлекет» ұғымына тән саяси екіжүзділікті әшкерелеуге, дәстүрлі моральдық құндылықтарды қалпына келтіруге бағытталған жұмыстары қолдауға лайық. АҚШ-та жасалып жатқан шаруаның бәрі бүкіл әлемге тікелей әсер ететіні баршаға мәлім», деді ол.

Президент жұртты саяси прагматизмге шақырып, қоғамда Заң мен тәртіпті орнықтыру маңызды екенін айтты. Қазір әлемде болып жатқан оқиғалар біздің бағдарымыздың дұрыс екенін көрсетіп отыр. Сондай-ақ ұлттық мүддемізді қорғау үшін алдағы уақытта да ұтымды өрі байыпты әрекет етуге шақырды. Талай заманнан келе жатқан өкпеленіштерден, өткенге құр мақтанудан және бәрі орынсыз сынап-мінеуден арылу қажет екенін айтты.

«Кез келген мәселеде өзгелерді айыптап, қара бұлтты төндіре беруге болмайды. Қоғам санасындағы осындай құбылыстар ұлттымызды идеологиялық және мәдени тұрғыдан әлсіретеді. Тіпті еліміз қазіргі қатыгез әлемде өзгелерге жем болуы мүмкін. Бір сөзбен айтсақ, біздің ұлттық ой-санамыз мықты болуы керек. Жаһанды белгісіздік жайлаған бұлыңғыр заманда бәсекеге барынша қабілетті болу үшін барлық жағынан кемел ұлт болуымыз қажет. Бұл –

өркениетті, икемді, мақсатшыл жұрт болу деген сөз. Сондықтан ұлт ретінде алға басуға не кедергі болса, соның бәрінен арылып, сапалы ұлт болуға тиіспіз», деді.

Қасым-Жомарт Тоқаев елде қолға алынған реформалар елдің дамуына зор серпін бергеніне, 2019 жылдан бері Қазақстан экономикасының нақты өсімі 15,5 пайыз болғанына тоқталды. Нақты айтқанда, ішкі жалпы өнім 288 млрд долларға жетті, ал жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім 46 пайызға дейін артып, 14 мың доллардан асты.

«Сыртқы сауда айналымы 45 пайызға жуық өсіп, 140 млрд доллар болды. Негізгі капиталға салынатын инвестиция бір жарым есеге ұлғайды. Былтыр оның көлемі 19 трлн теңгеден асты. Инвестиция білім-ғылым саласына 5 еседен астам, көлік саласына 3 есеге жуық, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету саласына 3,5 есе көп салынды. 4 400 шақырымға жуық автокөлік жолдары салынды және жөнделді. Жаңа теміржол желілері пайдалануға берілді. Ондаған өндіріс орны іске қосылды. Мемлекет ауыл еңбеккерлерін қолдауды барынша күшейтті. Былтыр күзде 27 млн тонна астық жинап, рекордтық көрсеткішке қол жеткіздік», деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда кәсіпкерлікті дамытуға әрдайым баса назар аударылатынын, тұрғын үй құрылысының қарқыны едәуір өсіп, былтыр 19 млн шаршы метр баспана пайдалануға берілгенін айтты. 2019 жылдан бері елімізде 250-ден аса жатақхана салынған. Соның нәтижесінде орын тапшылығы 6 есе қысқарды.

«Еліміздің 90 мыңнан аса азаматы шетелде оқиды. Бұл біздің қоғамның ашықтығын көрсетеді. Азаматтарымыз демалу үшін шетелге жиі шығатын болды. Біздің көк төлқұжатымыз әлемдегі 92 мемлекеттің аумағына визасыз емін-еркін кіруге мүмкіндік береді. Қазақстан – халықаралық аренада зор құрметке ие мемлекет, біздің елімізді «орта держава» деп атайтын болды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының аймақтық орталығын ашу туралы қарар қабылдады», деді Президент.

Үш АЭС салынады

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің кемінде төрт салада орасан зор мүмкіндіктері бар екенін жеткізді. Атап айтқанда, цифрландыру ісі мен жасанды интеллект, көлік тасымалы, энергетика, агроөнеркәсіп кешені салаларында елімізді қамтамасыз етіп қана қоймай, аймақтық, тіпті жаһандық ауқымда ықпалымызды жүргізе аламыз. Бұл қатарға адам капиталын да қосуға болады.

«Цифрландыру және жасанды интеллекті қолдану ісінде еліміз зор жетістікке жете алады. Біз қазірдің өзінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Электронды үкіметтің даму деңгейі жөніндегі рейтингінде 190 мемлекеттің ішінен алғашқы 25 елдің қатарына кіріп тұрмыз. Бірақ мұнымен шектеліп қалуға еш болмайды. Қазақстанға келген шетелдіктерді мұндағы электрондық жүйенің айтарлықтай дамуы таңғалдырады. Жоғары технологиялар экономиканың және мемлекетті басқару ісінің барлық саласын дамытуға тың серпін беріп, алға бастайды. Үкімет озық цифрлық тәсілдерді және жасанды интеллекті жаппай енгізу үшін қолайлы орта қалыптастыруға арналған жұмысты еселеп күшейтуге тиіс.

(Жалғасы 6-7-беттерде).

Ұлттық құрылтай ортақ мақсат

(Жалғасы. Басы 1-5-беттерде).

Біз мәліметтерді сақтайтын және өңдейтін мықты желі түзіп, технологиялық өнімдерді жаппай экспорттауға кірісуіміз керек. Цифрландыру ісін табысты жүргізу және жасанды интеллекті жаппай енгізу еліміздің энергетикалық әлеуетіне тікелей байланысты. Әлемнің цифрландыру ісіне және жасанды интеллектіге негізделген жаңа технологиялық қалыпқа көшуі энергияны көп қажет ететін үдеріс екенін түсіну керек. Мұндай жағдайда аймақтағы және дүние жүзіндегі энергия тапшылығы үздіксіз арта береді. Сондықтан Қазақстан өзін электр қуатымен толық қамтамасыз етіп қана қоймай, оны әлемдік энергетика нарығына да экспорттайтын ірі елге айналуы керек. Бұл – уақыт талабы.

Азаматтарымыз референдумда бірінші атом электр стансасын салу туралы шешімге қолдау көрсетіп, осы стратегиялық міндетті орындауға жол ашып берді. Бұл қадам алыс болашақтағы ахуал қалай болатынын ескере отырып, энергетика саласын көшенді түрде, жан-жақты ойластырып дамыту қажеттігін көрсетеді. Мәселе еліміздің энергияға деген қазіргі сұранысын қанағаттандыруға ғана тіреліп тұрған жоқ.

Біз үшін ел экономикасының ондаған жыл бойы қарқынды дамуына берік негіз болатын жаңа энергетика саласын қалыптастырудың стратегиялық маңызы бар. Мен дәл сол себепті Қазақстанға бір емес, үш атом электр стансасын салып, ақырында толықанды ядролық кластер қалыптастыру қажет деп есептеймін. Осы міндеттің айрықша маңызды екенін ескеріп, мен Президент жанындағы Ядролық энергетика агенттігін құру туралы шешім қабылдадым.

Біз газ бен көмір өндіру ісіндегі мүмкіндіктерімізді, сондай-ақ жаңартылатын қуат көздерінің әлеуетін толық пайдалануымыз керек. Бұған көшенді көзқарас қажет. Жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орын алатын еліміздің, жалпы, көлік-транзит саласында зор мүмкіндіктері бар. Бұл – айрықша назар аударуды талап ететін стратегиялық бағыт. Дүниежүзілік сауда-саттыққа тікелей байланысты болғандықтан оған барлық әлемдік державалар көңіл бөледі. Қазір халықаралық қатынас көлік-логистикалық бағыттар мен мүмкіндіктерді дамытуға ден қояды. Бұл іспен айналысуға біздің географиялық орналасуымыз ықпал етіп отыр», деді Президент.

Сонымен қатар ол ауыл шаруашылығы саласындағы қордаланған мәселелерге, алдағы 10 жыл ішінде бидайды терең өңдеп, дайын өнім өндіретін және оны әлемдік нарыққа шығаратын ең үздік он елдің қатарына қосылуға тиіс екенімізге, азаматтарға дүниеге келгеннен бастап өмір бойы жәрдем беретін тиімді мемлекеттік қолдау жүйесі жұмыс істейтініне тоқталды.

«Ұлттық қор – балаларға» және «Келешек» бағдарламалары, тегін орта білім, колледждер мен жоғары оқу орындарында білім алуға бөлінетін өте көп гранттар – мұның бәрі өскелең ұрпақтың қадамы нық болуына септігін тигізетін сан алуан шараның бір бөлігі ғана. Адамға салынған инвестиция – мемлекеттің ең сенімді әрі дұрыс салымы. Біз білім-ғылым, медицина, спорт, креативті индустрия салаларына қомақты қаржы бөлуді жалғастыра береміз. Азаматтардың өзін жан-жақты дамытуы үшін барлық жағдайды жасаймыз. Себебі қазіргі заманда жекелеген адамдардың табысты болып, бақуатты өмір сүруі нағыз қуатты мемлекеттің көрсеткіші саналады.

Мен жоғарыда атап өткен басымдықтар, яғни ірі инфрақұрылымдық жобалар, цифрландыру мен жасанды

интеллект, көлік транзиті мен энергетика, агроөнеркәсіп секторы және адам капиталы Қазақстанның жаңа әлемдегі орнықты дамуына жол ашатын негізгі факторлар болатыны анық», деді Президент.

Ішкі саясат тұжырымдамасы қажет

Пленарлық отырыста Ұлттық құрылтайдың бірқатар мүшесі сөз алып, баяндама жасады. Мәжіліс депутаты Айдос Сарым ішкі саясат пен идеология тақырыбында сөз қозғап, осы саладағы жеті мәселе бойынша ұсынысын ортаға салды. Оның біріншісі – идеологияның орнықтау себептерін айқындау мен одан арылу.

«Осы кезге дейін елімізде бірнеше рет идеологиялық саясат тұжырымдауға талпыныс жасалғаны белгілі. Алайда оның көпшіліктің қолдауына ие болмауына постсоветтік, посткоммунистік инерция, қоғамның этнодемографиялық құрамы, ел қоғамы мен оның аймақтарының әркелкілігі, идеологиялық нарративтердің әркелкілігі, идеология мен шынайы өмір, сөз бен іс арасындағы алшақтық секілді себептер кедергі болды. Мысалы, ұзақ жылдар бойы байлықты, бай атаулыны жамандықтың синонимі деп түсінген қоғам ішінде нарық туралы кереғар пікірлер қалыптасты. Бұның кейбір қайшылықтары мен сарқыншақтарын әлі күнге дейін көріп келеміз. Тағы бір мысал. Бүгінде кеңес заманын бір керемет таза, ізгі кезең деген жалған нарратив кең тараған. Ал шын мәнінде, біздегі қылмыс та, қылмыстық сана да, жемқорлық та, парақорлық та – кеңестік кезеңнен басталып, жалғасып, үдеп кеткен құбылыстар. Оларға нарықтық экономиканың немесе демократияның қатысы шамалы.

Тағы бір мысал. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінде кеңес кезеңінде қолдан жасалған «ауыл» мен «қала» арасындағы қақтығыс, ауылдық пен қалалық сана арасындағы конфликт әлі күнге дейін шешімін таппай келеді. Бұл ауылды қала дәрежесіне көтеру емес, қаланы ауыл дәрежесіне түсіруге алып келеді», деді А.Сарым.

Мәжіліс депутаты екінші ұсынысы ретінде ішкі саясат тұжырымдамасын қабылдауды алға тартты. Оның айтуынша, күн өткен сайын «Жаңа мемлекеттік идеология қажет» деген сыңайдағы пікірлердің көбеюі мен идеологияға деген сұраныстың артуы белгілі бір тарихи кезеңнің аяқталғанын білдіреді.

«Жалпы алғанда ел тарихының жаңа кезеңінің «Біз кімбіз?», «Қайдан шықтық?», «Қайда бара жатырмыз?», «Кім және қандай болуымыз шарт?» деген сұрақтардан басталуын өз басым жақсылыққа жорығым келіп отыр. Осы сұрақтарға шынайы жауап бере алсақ, болашақтағы болмысымызды айқындап, қиын кезеңдерден, тарихи сынақтардан аман шыға аламыз. Осы себепті көпшіліктің талап-тілегін ескеріп, Президентіміз кейінгі үш жылда айқындаған, ұш құрылтайда талқыланды, уақыт елегі мен қоғам талқысынан өткен идеологемалар мен құндылықтарды топтастырған, кемі 2030 жылға дейінгі уақытты қамтитын Ішкі саясат доктринасы, не концепциясы қабылдануы керек», деді ол.

А.Сарым идеологияның саясат пен мәдениетті жалғайтын өмірлік өзек, табиғи арна екенін атап өтіп, Мемлекет басшысының бастамасымен осы бағытта біршама жұмыс атқарылып жатқанын тілге тиек етті.

«Соның бірі – архивтік революция. Президент құрған мемлекеттік комиссияның ұйғарымымен 700 мыңнан аса НКВД, КГБ органдарының құжаттары мен істері құпиясыздандырылды. Кейінгі үш жылда зұлмат кезеңдегі ел тарихына қатыста мыңдаған құжат жарияланып,

ғылыми айналымға енді. Том-том тарихи құжаттық жинақтар жарық көрді. Тағы бір үлкен жетістігіміз, еліміздің жаңа тарихында қазақ ғалымдары тұңғыш рет өз тарихын түгендеп, өткенін тәуелсіз саралауға мүмкіндік алды. Қазақстан тарихының көптомдық академиялық тарихын жазуға бүгінгі таңда жүздеген отандық және әлемдік ғалымдар тартылып, белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Бұл қадамдар осы саладағы біраз сұраққа жауап алуға толық мүмкіндік береді», деді Мәжіліс депутаты.

А.Сарым еліміздің жаңа идеологиясы өмір шындығынан, ұлттың күрделі тарихынан, саяси мұраты мен экономикалық мүддесінен, жаңа қоғамның әлеуметтік құндылықтарынан туындап, табиғи түрде өрбуі шарт екенін төртінші ұсынысы ретінде жеткізді. Оның айтуынша, басты мақсат – Қазақ ұлты мен мемлекетінің Тәуелсіздігі, заң мен тәртіптің баршаға ортақ қағидатқа айналуы, еліміздің бар салада өз-өзін қорғауға, жері мен руханиятын қамтамасыз етуге дайындығы.

«Бөтен» мен «жақын» дейтін ұғымдарға келсек, алдағы жылдары қазақ ешкімді жау санамайтын идеологияны ұстануы керек. Идеология біреуді жау қылу немесе біреуден кек алу үшін жасалмайды. Негативтік мотивация ерте ме, кеш пе, баршаны тығырыққа тіреп, болашақтағы соғыстарға жол ашады. Өзгеріс, бетбұрыс энергиясы сыртқа емес, ішке бұрылуы шарт. Біздің түсінігіміздегі «жат» – бұрынғы кейпіміз, архаикалық болмысымыз. Ал «бөтен» – кеңестік, коммунистік, отарланған санамыз», деді депутат.

Сонымен қатар ол конституционализм, институционализм, конвенционализм сынды жаңа идеологиялық ұштаған жайында да ой қосып, әрқайсының ұғымына тоқталды.

«Жаңа кезеңдегі қазақ мемлекетінің идеологиясы – бірінші қазақ руханияты мен тарихынан сусындап, ұлт пен мемлекеттің түбегейлі құндылықтарына негізделуге тиіс. Демек, осы тарихи платформада еліміздің зиялы қауымы мемлекет жанына топтасып, мемлекеттік құндылықтарды шын ниетпен насихаттауға жұмылуы керек. Себебі билік келеді, кетеді, ал мемлекет, мемлекеттік құндылықтар мызғымай сақталып, жалғасып жатуға тиіс. Бұл да бір модернизациялық жоба аясында жасалатын қоғамдық келісімнің бірі болмақ. Осындай жұмыстарға еліміздегі негізгі саяси күштер, яғни парламенттік партиялар бірінші кезекте бастамашы болуы керек», деп сөзін түйіндеді А.Сарым.

Адам құқығын қорғау – айрықша міндет

Пленарлық отырыста сөз алған Ұлттық құрылтай мүшесі, қоғам белсендісі, құқық қорғаушы Айгүл Орынбек бір күн бұрын секциялық отырыстарда көтерілген өзекті мәселелерге тоқталды. Қазіргі таңда ел ішінде түрлі қайырымдылық қорлары көбейіп кеткенін айтқан ол халықтан ақша жинап жүрген түрлі ұйымдардың барлығы бірдей адал жолмен жүріп, шынайы мақсаттарға қызмет етіп жатқанына сенбейтінін жеткізді.

«Бір күдікті жайтқа тоқталғым келеді: мысалы, «каспий қосымшасында» 358 қайырымдылық қоры халықтан электронды түрде жылу жинау үшін тіркелген екен. Таңданарлығы сол – бұл қорлардың кейбірі тіпті қандай мақсатта және не үшін құрылғаны белгісіз. Басшылары да көрсетілмеген. Кейбір қордың интернетте атқарған жұмысы жайында есептерін таппадым. Ал дүкендер мен сауда сәрелеріндегі қайырымдылық үшін қойылған жәшіктердің санын білмеймін. Күн санап көбейіп жатыр, бірақ ол ақшаның да сұрауы жоқ. Елімізде тіпті күдік туды-

ратын күмәнді қорлар арандатушылар мен радикалды топтарды қаржыландыруы мүмкін деген оймен мемлекетіміздің болашағына, қауіпсіздігіне алаңдаймын. Бұл – шұғыл шешуді қажет ететін ең басты мәселе», деді ол.

Құқық қорғаушы А.Орынбек адам тағдырына қатысты тағы бір өзекті мәселеге тоқталды. Оның айтуынша, Сот сараптамалары орталығы Әділет министрлігіне тікелей бағынысты болғандықтан, сарапшыларға құзырлы органдар тарапынан қысым өте жоғары. Соның әсерінен бүгінде зорлық-зомбылық, фоноскопиялық, фонографиялық, филологиялық, аудит қорытындысы және тағы да басқа сараптамалар кезінде сыбайластық әрекеттеріне жиі жол беріліп, заңды белшесінен басу жайттары көбейіп кеткен. Ол сот сараптамаларын Әділет министрлігінен бөліп, Мемлекет басшысына ғана есеп беретін «Ұлттық құқықтық сараптама орталығы» ретінде құруды ұсынды.

«Ұлттық құрылтайдың мінберінде көтерілуі қажет тағы бір мәселе – онлайн-несие мен алаяқтық мәселесі. Кейінгі жылдары екінші дәрежелі банктер ұсынатын «онлайн-несие» қолжетімділігі артып, бұл алаяқтар үшін оңай табыс көзіне айналды. Өншейінде қарапайым адамдар ақшаға шын мұқтаж болып банкке арнайы барып сұрағанда, «төлеуге табысыңыз жеткіліксіз» немесе «несие тарихыңыз қара тізімде» деп бере қоймайтын қолжетімсіз несиені, алаяқтар «монитор-экранның» арғы жағында отырып-ақ оп-оңай алып, олжаға кенеле салатыны күмән тудырады. Мұның себебі банк клиенттері деректерінің алаяқтардың қолына оңай түсуінде деп ойлаймын. Оған қоса интернет-алаяқтық та жаһандық мәселеге айналып отыр. Бірақ бұны тоқтатудың жолдары қиын емес» деген ол бірқатар ұсынысын жеткізді. Атап айтқанда, алдымен кибер қылмыскер жәбірленушіні байланыстыратын байланыс операторлары өздеріне жүктелген жауаптылықты сезінуге тиіс.

«Мәселен, интернет алаяқтар жалған, яғни тіркеусіз нөмірлерді қолданып, өз құрбандарына қоңырау шалады. Осы әрекеттің бәрін байланыс операторлары көріп тұрып, оны бұғаттаудың орнына екі жақты бір-бірімен байланыстырып отыр. Сондықтан мемлекетіміздегі ұялы операторлардың жауапкершілігін «Байланыс туралы» заңмен міндеттеуді сұраймын», деді заңгер.

Сонымен қатар А.Орынбек Қылмыстық кодекстің 423-бабында көзделген сотқа дейінгі тергеу мен жабық сот отырыстарының құпиялылығын сақтау мәселесіне Президенттің назарын аударды. Оның айтуынша, аталған баптың қолданылуы адвокаттар мен құқық қорғаушылар үшін үлкен кедергілер тудырып, олардың жұмысын едәуір шектеп отыр. Көп жағдайда мұндай мәліметтерді жариялау – әділетсіздікті әшкерелеу, заңсыздықтарды дер кезінде тоқтату, сыбайластық пен жемқорлықтың тамырына балта шабу мақсатында жасалады.

«Сондықтан бұл әрекет мемлекеттік немесе құзырлы органдардың заңсыз әрекеттерін ашуға, азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған болса, тергеу деректерін жария ету қылмыс ретінде қарастырылмау керек деп есептеймін», деді ол.

ҚҚС – отандық өндірушілерді қорғау тетігі

Ұлттық құрылтай мүшесі, мемлекет қайраткері, экономист Жақсылық Құлекеев мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту мақсатында еліміздің салық саясатын жетілдіруге қатысты ойларымен бөлісті. Оның айтуынша,

пен игі істерге жұмылдырады

бюджетке неғұрлым көбірек қаражат түссе, соғұрлым мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу әлеуеті арта түседі. Ал керісінше жағдайда қалтасы қалыңдар байыған үстіне байып, кедейлердің кедейлене беруіне жол ашыла береді. Өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық алшақтық ұлғайып, елдің саяси тұтастығына қауіп төнеді.

«Өкінішке қарай, елімізде жыл өткен сайын бюджетке түсетін салықтың көлемі ішкі жалпы өніммен салыстырғанда төмендеп бара жатыр. Мысалы, 2005 жылы бюджетке түскен салық ІЖӨ-нің 26 пайызына тең болса, кейінгі жылдары бұл көрсеткіш ІЖӨ-нің 12-13 пайызынан аспайтын жағдайға жеттік. Бұл – өте қауіпті үрдіс. Осы мәселе мені экономист ретінде қатты толғандыратынын жасыра алмаймын. Біз кейінгі жылдары әлеуметтік мәселелерді шешуге ерекше екіпін бердік, соның арқасында аз қамтылатын топтарды қолдауға кең жол ашылуда. Әрине, бұл баршамыздың көңілімізден шығатын жайт екені белгілі. Мысалы, биыл республикалық бюджеттің шығысы 25,7 трлн теңгені құрайтын болса, соның 9,6 трлн-ы немесе 40 пайызы, ал жергілікті бюджеттен бөлініп отырған 15,5 трлн теңгенің 54 пайызы әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталады. Осының бәрі мемлекеттің әлеуметтік мәселелерді шешуді алдыңғы орынға қойып отырғанын көрсетеді. Дегенмен кейінгі кезде қалыптасқан жағдайға байланысты мемлекеттің әлеуметтік мәселелерді шешуге қаражаты жеткіліксіз бола бастады. Соның салдарынан мемлекет ішкі және сыртқы қарызды жыл сайын өсіріп жатыр. Қарызға өмір сүрудің қауіпті екенін түсіндіріп жатудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Осы жағдайды жан-жақты талқылай келе Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмасымен Салық кодексі жетілдіру мақсатында кейінгі екі жылда үлкен жұмыс атқарды. Соның бірі – соңғы кезде қоғамда қызу талқыға түсіп отырған ұсыныс – ол бюджет кірісін ұлғайту үшін қосылған құн салығын 12 пайыздан 16 пайызға дейін көтеру», деді Ұлттық құрылтай мүшесі.

Ж.Құлекеев бұл бастаманы өзінің қолдағанын айта келе, экономист ретінде оның пайдалы жағын түсіндіріп өтті. Оның айтуынша, қосылған құн салығы – сыртқы сауда айналымын реттеудің бірден-бір тиімді құралы.

«Мысал ретінде Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда қатынасын алайық. Ресей – біздің негізгі сауда серіктесіміз. Шетелден келетін импорттың 40 пайызы осы елдің үлесіне тиесілі. Екі мемлекет те ортақ кеден аймағына кіреді, демек тауар алмасу кедендік баж салығынсыз атқарылады. Ресей экономикасының әлеуеті бізге қарағанда барлық жағынан анағұрлым күшті. Соның салдарынан бүгінде біздің ішкі нарықта ресейлік тауарлар басым. Көптеген отандық өндіруші осы жағдайға байланысты ресейлік кәсіпкерлермен бәсекеге түсудің қиын екенін ескере отырып, құзырлы органдардан ішкі нарықты арнайы техникалық тосқауылдар орнату арқылы қорғауды талап етіп жатыр. Бұл жерде қарапайым шешім табу қиын, себебі техникалық кедергілерді орнату бірыңғай Еуразиялық экономикалық одақтың негізгі қағидаларына қайшы. Бұл мәселені реттеудің бірден-бір заңды жолы – қосылған құн салығының мөлшерін Ресейдегі жағдаймен теңестіру. Ресейде ол 20 пайыз, ал бізде 12 пайыз. Осы екі ставканың арасындағы алшақтық Ресей кәсіпкерлеріне бәсекелестікте

артықшылық береді. Өйткені елімізге тауар экспорттау кезінде ресейлік өндірушілер ҚҚС-тан босатылады, ал біз өз кезегімізде келген заттарға 12 пайыз мөлшерінде салық саламыз. Демек, ресейлік тауар экспорттаушылар бірден 8 пайыз басымдыққа ие болады. Сондықтан отандық өндірушілер үшін Қазақстан мен Ресейдегі қосылған құн салығы ставкаларының бірдей болуы аса маңызды», деді экономист.

Діни оқудың сапасын қадағалаған жөн

Ұлттық құрылтай мүшесі, Қарағанды облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Бекзат Алтынбеков жаһандану дәуірінде ұлттық салт-дәстүріміз бен мәдениетімізді, тіл тазалығы мен ұрпақ сабақтастығын сақтаудың маңызын айта келе қазіргі той өткізу мәдениетіндегі келеңсіздіктерге тоқталды. Оның айтуынша, халық түрлі негізсіз жоралғыларды өз бетінше ойлап тапқан. Той-жиындағы асабалардың анайы анекдот пен ебедейсіз ойын өткізуі, арасында бейпіл сөзге ерік беруі де – көптің шамына тиіп жүрген мәселе.

«Ақсақалдар кеңесі жергілікті өнер адамдары және асабалармен кездесу өткізіп, көпшілік жиындардың тәрбиелік мазмұнын арттыру, тіл мәдениетін көтеру сияқты мәселелерді талқылауды қолға алды. Алайда арнайы бекітілген этикалық ереже болмағандықтан, бұл жұмыстардың нәтижесі көңіл көншітеді деп айта алмаймыз. Сондықтан бұл мәселеге қоғамдық бақылау тетігін күшейтіп, арнайы этикалық ереже қабылдау керектігін баса айтқым келеді. Аталар мен әжелер мектебінің ұлағатын кедеге жаратуға тиіспіз», деді ол.

Б.Алтынбеков қазіргі күрделеніп тұрған діни ахуал да байыппен талқыланып, шешілуге тиіс өзекті мәселе екенін айтты.

«Мені өке ретінде қоғамдағы діни ахуал алаңдатады. Жастарымыздың жат ағымның жетегіне кетіп, адасып жатқаны белгілі. Осы келеңсіздіктің жолын кесу үшін еліміздегі діни медреселердегі оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіріп, жүйелеу қажет деп есептеймін. «Дін мемлекеттен бөлінген» деп қол қусырып отыра берсек, ол кесел ушыға береді. Мұның бәрі біздің бейқамдығымыздан шығып отыр. Осы мәселеге мемлекеттік тұрғыдан зор мән беріп, діни оқу орындардағы білім сапасы мен тәрбие жұмыстарын қатаң қадағалау керек. Осы орайда Ұлттық құрылтайдағы әріптесім Қайрат Жолдыбайұлы діни мамандар қызметін лицензиялау мүмкіндігін, діни мазмұндағы әдебиеттерді арнайы дүкендерде сату бойынша ұсыныстарын ортаға салды. Сонымен қатар кейбір медреселердің қаржыландыру мәселесін де назарға алған жөн деп есептеймін. Міне, осы жайттарды оңтайлы шешу жолдарын бірлесе қарап, жұмыла шешім қабылдайтын уақыт жетті», деді ол.

Ұлттық құрылтайдың төртінші пленарлық отырысында бұдан бөлек Қостанай автомобиль көлігі колледжінің директоры Дмитрий Павленко нарық сұранысына орай техникалық білім беру, соның ішінде мемлекеттік тілде оқыту мәселесіне тоқталса, Ұлттық құрылтай мүшесі, «Team Qazaqstan» жобасының жетекшісі Олжас Сүлеймен жастар мәселесі жайында бірқатар өзекті мәселені қозғады. Соның қатарында шетелде оқып жүрген, жұмысқа барған жастарымыздың жағдайы мемлекет назарында болуы керектігіне тоқталды.

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ.

Egemen Qazaqstan.

Мына жарық дүниеде қамшының сабынан да қысқа ғұмырында тойымсыздықтан, құлқынқұмарлықтан, нәпсіқұмарлықтан, қызғаншақтықтан, мансапқорлықтан, сол сияқты жат әдеттерден, имансыздықтан көзін шөл басқан адамзат баласы ежелгі замандардан күні бүгінге дейін бір-бірімен жауласуын, қиянат жасауын, жанын алуға дейін баруын қоя алмай келеді.

Күн сайын әлеуметтік желілерден дөңгеленген дүние түкпіріндегі бір елде дүрбелен оқиға болғанын, оның соңы адам өліміне әкеліп соққанын естіп жатамыз. Адамзат тарихында рулар мен тайпалар, көршілес мемлекеттер арасындағы түрлі қақтығыстар мен қырғи қабақ соғыстар бүгінге дейін жалғасуда. Бір сөзбен айтқанда,

• Ұлы Жеңіске – 80 жыл

Қайғы мен қасірет жамылдырып жеткен жеңіс



мына Жер шарында адамзат баласының бәрінің маңдайына ештеңеге елең етпей, мамыражай, рахаттанып, тыптыныш ұйқы құшағына бөленетін қуанышты күндер жазылған емес.

Адамзаттың арғы-бергі тарихында талай алапат шайқастар болғанымен, екінші дүниежүзілік соғыстағыдай ең көп мөлшердегі адам қырғыны ешқашан ұшыраспаған. Жарты әлемді атының тұяғымен таптаған Александр Маке-

донский, Аттила (Еділ патша), Шыңғыс хан да халыққа мұншама қайғы мен қасірет әкеліп, қырғынға ұшыратпаған. Екінші дүниежүзілік оғыста қаза тапқан адамдар санының ең көптігі жағынан бұрынғы Кеңестер Одағы ең алдыңғы қатарда өкендігін бүкіл әлем халқы жақсы біледі.

Екінші дүниежүзілік соғыстағы жалпы адам шығыны туралы деректер әлі күнге дейін зерттеліп келеді. Тарихшы ғалымдардың айтуынша, екінші дүниежүзілік соғысқа 34 миллион 476 мың адам қатысқан. Сталиннің көзі тірі кезінде Ұлы Отан соғысында КСРО 16,9 миллион, Германия 2 миллион адамын жоғалтты деп айтылып жүрді. Ол кездері соғыс жайлы ақиқаттардың бәрі бірдей айтылмады, нақты мәліметтер бұрмаланып көрсетілді. Ал ең соңғы деректерде КСРО 1939-1945 жылдар аралығында 43 миллион 448, ал 1941-1945 жылдары 26 миллион адамынан айырылды деп жазылып жүр. Бір ғана мысал, Ұлы Отан соғысында фашистік басқыншылар Украинаның 334 елді мекенін бүкіл тұрғындарымен қосып өртеп жіберді. Мұндай қайғылы қасіреттер Беларусь жерінде, басқа да аймақтарда орын алды.

Герман нацистерінің КСРО-ға қарсы соғысы 1941 жылғы 22 маусымда таңғы сағат 4.00-де басталды. Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1,2 миллион адам қатысса, олардың тең жартысынан астамы шейіт болып, үйлеріне қайтып оралмады. Соғыс басталған 1941 жылы қызыл әскерлердің қолбасшылары Қазақстан мен Орта Азия елдерінен өскерге шақырылған, бір ауыз орыс тілін білмейтін, өмірінде қолына қару ұстап көрмеген ұлт өкілдерін ешқандай жауынгерлік дайындықсыз, кейбірінің қолына қару ұстатпай, ажал аузына айдап салған. (Шабуылға шығарғанда екі жауынгерде ортақ бір қару болған, серігі өлсе, оның қаруын қасындағысы иемденген). Отанын қорғауға барғандардың кері шегінгендерін кеңес әскері атып тастады, алға қарай шабуылдағандарын жау оғы қынадай қырып тастады. Герман нацистік басқыншыларын фашист, жауыз деп қаншалықты жазғырып айтқанымызбен, олар да не дегенмен адамның баласы. Өзіне қарай бір емес бірнеше рет «уралап» шабуылдаған қарусыз қызыл жауынгерлерді қоғадай жапырып пулеметімен қырып салған, алдында таудай болып үйіліп жатқан өліктерді көрген оқ атқан фашист жауынгерінің өзі бұл сұмдықты көріп, жынданып кеткен жағдайлар ұшырасқан. Ұлы Отан соғысындағы мұндай қайғылы оқиғалар туралы түсірілген бейнетаспалар шет елдердің мұрағаттарында бүгінге дейін сақталып келеді.

Екінші дүниежүзілік соғыста адамзаттың ең көп қырғынға ұшырауына фашистік Германияны соғысқа бастаған А.Гитлермен қатар өз халқын ажал аузына ашық айдап салған И.Сталиннің кінәсі де аз емес екенін өлем тарихшылары ғана емес көкірек көзі ашық, сана сезімі бүтін бүгінгінің адамдарының бәрі жақсы біледі.

Тағы да тарихқа жүгінсек, КСРО мен фашистік Германия арасында 1939 жылдың 9 тамызында бір-біріне қарсы соғыс ашпау жөнінде өзара келісім-шарт жасалды. Алайда Германия бірер күнде Францияның тең жартысын, шығыстағы Европа мемлекеттерін түгелдей басып алып, тұяғына дейін қаруланған әскері мен әскери техникаларын 1941 жылы күн жылына бастағаннан Кеңестер Одағының батыстағы шекарасына әкеліп тіреп қойды. 1941 жылы 22 маусымда таңғы сағат 4:00-де гитлерлік Германия соғыс жарияламай Кеңестер Одағына тұтқиылдан шабуыл жасады.

«Ұлы Отан соғысы» атауы 1941 жылы шілденің үшінде Сталиннің радио арқылы сөйлеген сөзінен кейін пайда болды. Сталин өз сөзінде «Ұлы» және «Отан» сөздерін бөлек-бөлек бір-бірімен байланыстырмай қолданды. «Ұлы Отан соғысы» тіркесі көптеген басқа тілдерде де қолданылады. (Орыс. Великая Отечественная война). Өлем елдерінің көбісінде бұл қақтығысты «Екінші дүниежүзілік соғыстың шығыс майданы» деп те атайды. Неміс және украин тарихшылары «герман-кеңестік соғыс» деген атау берген.

Фашистік Германияның Кеңестер Одағына қашан, қай күні соғыс ашатындығы туралы кеңестік барлаушылармен қатар, батыс мемлекеттерінен шекара бұзып қашып кірген қарапайым адамдардың хабарына дейін тікелей Сталиннің құлағына жеткенімен, олардан есіткендеріне мүлдем сенбеген, арандату деп қана ойлаған. Тіпті сол кездері кеңестік әскери бас қолбасшылар Г.К.Жуков пен А.М.Василевскийдің Кеңестер Одағы мен фашистік Германия арасында болмай қоймайтын бұл соғыс туралы, оның ерте бастан алдын алу жөніндегі ойлары мен пікірлеріне де мүлдем құлақ аспаған.

Ұлы Отан соғысы басталғаннан Кеңестер Одағы әскерлерінің күйрей жеңіліп, ес хия алмай қалуының, жаппай тұтқынға түсуінің бұдан басқа да белгілі себептері де, салдары да бар.

(Жалғасы 11-бетте).

Ұлыстың күні

Ызғары қыстың бет қарыған басылып, Жылы леп соқты кеудемді құшып қыр жақтан. Жылуы күннің жібітті тоңды шашылып, Бозала таңда бозторғай қайта үн қатқан.

Наурыз ай келді сезіліп ісі көктемнің, Еліме шаттық шаша бер, күні ұлыстың. Шуағымен жылытсын елді көктен күн. Ақ жаңбыры бастауы болып ырыстың.

Өуенге басып, шалқысын күйлер мың түрлі, Думандат халқым, Наурыздың сәнін келтіріп, Күн менен түн де теңескен, ұққын, бұл күні. Тойлаған оны сақ бабалар менен Ер Түрік.

Араздасқан ағайын бұл күні қайта қауышқан, Даланы бөлеп дүбірге тұлпарлар қырда жарысқан. Тыраулап жеткен тырналар туған жерге алыстан, Ренжискен достар да құшақ жайып табысқан.

Ұлыстың күні әр үйге сыйлап береке, Несібесі мен ризығы мол ғой беретін. Біз үшін бұл күн – бәрінен бөлек мереке, Жыл сайын әркез шаттыққа бөлеп келетін.

Сұлтан ҚОНЫСБАЕВ.

Тасарық ауылы.

Араға жыл салып, қыс көрпесін сөгіп, өз Наурыз салтанатымен сән құрып, ырысы мен несібесін ала келеді. Кейбір деректерде шығыс халықтары, оның ішінде біздің ата-бабаларымыз Наурыз мерекесін шамамен осыдан 5 мың жылдай уақыттан бері, ислам дінін қабылдағаннан анағұрлым көп ғасыр бұрын атап өтіп келе жатқаны айтылады. Бұл дерекке ешқандай күмәніміз болмаса керек. Шығыс жұртын айтпағанда, XVIII ғасырға дейін Наурызды Европа елдері, атап айтқанда, гректер мен римдіктер, 1700 жылға дейін көршіміз Русь те атап өтіп келді. Орыстар жыл басын І Петр патшаның бұйрығымен 1 қаңтарда тойлай бастағанын білеміз. Бүгінгі заманымызда әлем халықтарының бір ғана ортақ күнтізбесі бар. Жыл парағын 1 қаңтардан бастайтыны мәлім.

Сонымен, ата-бабаларымыз біздің жыл санауымыздан бұрынғы замандарда көк төріндегі тарыдай шашылған жұлдыздарға бақылау жасап, тылсым сырларын ұғып, ауа райын алдын-ала болжап, алыс сапарға шықса, аспанға қарап, адаспай жолын тауып отырған. Наурыз айының 21-інен 22-сіне қараған түні аспан денелері бастапқы нүктесіне келіп, күн мен түн теңесетіні білген. Сондықтан халық санасында бұл

көрмет күн Өз Наурыз деп сақталып қалған.

Наурызды қарсы алғанда, аталарымыз бұрыннан қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ата дәстүрді бұлжытпай сақтауға аса мән берген. Ең алдымен жас ағаш көшеттерін отырғызып, бұлақ көздерін тазалаған. Наурыз күні мерекені тойламас бұрын ауылдағы ең жасы үлкен қариялардың үйлеріне барып амандасып, игі тілегін білдіріп, ақ батасын алған. Қазіргі кездері де әр ауылдың жасы үлкен, ел сыйлаған қариялары бар. Ал енді бүгінгінің жасы кішілері ата салтынан айнымай, сол қарттарын сыйлап, үйлеріне арнайы барып амандасып жатса, кішінің үлкенге деген ізеті мен құрметі, ең бастысы бір-бірімізге деген сыйластығымыз арта түсер еді. Біздің олай ете алмай жүргеніміз де ып-рас.

Бұл күні бүкіл ауыл болып жетім-жесірге, кембағал обасыларға көмек қолын созған, пендешілікпен ренжітіп алған ағайын мен ауылдастан, достарынан кешірім сұраған. Үй ішін, айналасы мен ауласын қоқыстан тазалаған. Ежелгі аталарымыздың ұғымында Наурыз келгенде, Қыдыр ата ауыл-ауылды аралап жүреді, оның басқан жері таза болуы керек. Сонда

ғана Қыдыр қонып, Қыдыр дариды деген ұғымда болған. Бұл игі дәстүрді бүгіндері біздер, болашақта ұрпақтарымыз сақтап, жалғастыруға, ең бастысы тазалықты сақтауға үнемі мән беруді қалыпты дағдыға айналдыруға міндеттіміз.

Кеңес Одағы кезіндегі өткен ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап, Наурызды ескіліктен қалған ислам діні мерекесі санап, көпшілік болып тойлауға тыйым салып келді. Алайда ел бұл күнді дүркіретіп тойлап, көпшілік болып атап өтпесе де, ауылдағы ауылдас пен ағайын өзара қауымдасып, наурыз көжелерінен дәм татып, бір-біріне деген ыстық ақжайма ықыласын білдіріп, Ұлыстың ұлы күнін қарсы алуды естен шығармай келді. Наурыз мерекесі елімізде 1991 жылдан бері мемлекеттік мереке ретінде аталып келеді.

Аудандық орталықтандырылған кітапхана ұжымы биыл да Ұлыстың ұлы күнін өз оқырмандарымен қарсы алып, көптеген игі-шаралар ұйымдастыруда.

Ә.МОНТАЕВА,

аудандық орталықтандырылған кітапхананың кітапханашысы.

Ғасырған засырларға жалғасқан өз Наурыз

Біздің ата-бабаларымыз Наурыз мерекесін қай заманнан бері атап өтіп келеді? Бұл айтулы мейрамды қалай атап өткен? Бұл сауал әркімді толғандыруы мүмкін. Шығыс халықтары, оның ішінде біздің (қазақтың) ата-бабаларымыз Наурыз мерекесін біздің жыл санауымыздан бұрынғы замандардан бері атап өтіп келеді. Бұған нақты айғақ пен дәлелдерді ең алдымен қазақ даласындағы жартастардағы композициялық петроглифтерден айқын аңғаруға болады. Біздің Алатау мен Қазығұрттағы жақпар тастарда өткен тарихымыздан сыр шертетін петроглифтер жетіп артылады.

Ұлыстың ұлы күніне дерек беретін нақты дәлел келтірсек, мәселен, Алматы қаласының солтүстік батысында 50 шақырымдай жердегі Аңырақай тауындағы петроглифтер – бұл айтқандарымыздың айқын дәлелі.

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы, шамамен I ғасырларда тасқа салынған деп болжам жасалған бұл петроглифтен шығыстан шыққан күнді шаттанып, билеп қарсы алып тұрған 12 адам мен Күн бейнесін көресіз. Суреттегі кейіпкерлер одан көп немесе аз емес, барлығы 12 адам ғана бейнеленген. Бұл дегеніңіз, наурыз мерекесінен кейін басталатын бір жылдың 12 айын білдіреді. Міне, мәселе қайда жатыр.

Қазақтың ұлы даласында жартастарға салынған мұндай петроглифтер ұққан жандарға көне тарихтың талай сырларын аңғартады, бағзы дәуір адамдарының өз замандарындағы тыныс-тіршілігінен хабардар етеді.

Бұрынғы ата-бабаларымыздың наурыз мерекесін қалай тойлағаны туралы ежелгі қытай және грек жазба деректерінен де ұшыратамыз.

Қытай жазбаларында ғұндардың хандары – тәңір-құттар наурыз басталатын күні тау немесе ең биік төбе басына шығып, ұясынан жаңа көтерілген күнге қол жайып, тілек сұрап, дұға қылады. Ол дұғасын қайырғанда тәңірқұттың арт жағындағы қолында қобызы бар абыз қария отырады. Тәңірқұт дұғасын оқып болғаннан кейін әлгі абыз қобызымен 9 қоңыр күй тартады. Ол күй тартып болғаннан кейін оның соңын ала отырған 365 күйші бір-бірден күй тартқан.

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы замандарда сақтар наурыз мерекесін қалай қарсы алған? Оларда күн шығар сәтте қатан ордасының үстінен Күн бейнесі жалау көтеріліп, қотанға шымқай қызыл маутыдан киім киген 365 бозбала шығатын болған. Балалардың саны бір жыл ішіндегі тәуліктердің айғағындай болып, 365 өнерпаз бозбала тойдың нағыз шырайын келтіретін болған.

Сондай-ақ бір жылды құрайтын әрбір тәуліктің келешегін алдын-ала жақсарту үшін 365 күй тартылған. Содан соң бүкіл елдің батағай абызы халықтың, қағанаттың үміт-тілегін жеткізетін күй тартқан.

Мұндай деректерді біздің жыл санауымызға дейінгі I ғасырдағы Рим тарихшысы Квинт Курций Руф жазба деректерінен кездестіре аласыз.

Түркілік наным-сенім бойынша 12 мүшелдік цикл

басталатын күн Наурыз мейрамына сәйкес келеді. Бұрынғы ата-бабаларымыз наурыз мерекесіне дайындықты бірнеше апта бұрын бастаған. Үй, ауыл, қоныс маңын тазартқан. Наурыз мейрамын атап өтерден алдында таңды қарсы алып, шуағын шашып шығып келе жатқан Күнге сәлемдесу жоралғысын жасаған. Таза төнге жаңа күнді кіргізіп, жаңа өмірге жол ашқан. Наурыз дастарқаны барынша мол жайылғанымен, мерекелік астың ең негізгісі 7 түрлі дәмнен жасалған Наурыз көже болған.

Махмұт Қашқари: «Көшпенділер өз жаңа жылдарын тойлағанда барлығы бір ауылға жиналып, өткен ескі өшпенділіктерін ұмытып, қару-жарақтарын тастап, бір-біріне ізгі тілектерін айтады», – деп жазады.

Қазақтар Қадір түнін ұйқысыз өткізіп, арайланып атқан таңды қарсы алған. Ата-бабаларымыздан қалған «Амал келді – жыл келді» дейтін тәмсіл көктеммен бірге жаңа жыл келеді деген ұғымды білдіреді. Көктем күн мен түннің теңелуінен 8-9 күн бұрын келеді. Күн мен түн күзде де теңеледі, бірақ жыл неге алмаспайды? – дейтіндер де табылуы мүмкін. Мәселе күн мен түннің арбасуының уақыттың жаңаруына қатысты жағында деп ұққанымыз жөн.

Ш.Құдайбердіұлы мен М.Көпейұлының жазуынша, Наурыз мейрамы бұрынырақта Ұлыс аталған. Қазақта Ұлыстың күні, ұлыс таңы деген сөз тіркестерінің мәні әркімге түсінікті болса керек. Ұлыс таңы – ұлы іс таңы, ұлыстың күні – ұлы істің күні дегенді мектеп оқушыларына дейін ұғыныңқы болса керек.

О.ЗАҒАМБАР.

Біздің қазақ халқы қаншама қиын кезенді бастан өткергенімен, атам заманнан қалыптасқан өзінің ата

Наурызда балалық шағым еске оралады

салты мен дәстүрін ұмытпай, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып келеді. Біз және бізден үлкен ағаларымыз, ізімізден ерген інілеріміз кеңестік заманда оқып, білім-тәрбие алды.

Кеңестік қоғамда Ұлыстың ұлы күні мерекесін ислам дініне қатысы бар деп оны көпшілік болып атап өтуге мүлдем тыйым салды. Солай болса да, біздің ауылдың қариялары, ақ жаулықты аналары ұйымдасып, Наурыз мерекесін табиғат аясында қарсы алып, өздерінше атап өтетін. Бұл күні бүкіл ауыл балаларының басы қосылып, шапқылап асыр салып ойнап, бір масайрап қалатынбыз.

Үйдің үлкендері – әкеміз бен шешеміз, аға-әпкелеріміз мейрамға

бірнеше күн бұрын дайындыққа кірісіп кететін. Үйдің ауласы, іші-сырты ретке келтіріліп, той-томалаққа баратындай бар жаңа киімімізді үстімізге іліп, қиындау кезең болса да, тазалық жұмыстарын ұқыпты атқаруға барынша назар аударатын.

Ол кездері ауылдағы әр үй Ұлыстың ұлы күнін лайықты қарсы алу үшін наурыз көже, бауырсақ пісіріп дегендей, өздерінше, шамашарқы келгенше қам жасайтын. Наурыз мерекесін атап өтетін жерге ауыл тойларында палау басатын үлкен «астана қазан» қойылып, сол қазанға ауылдағы әр үйде жасалған наурыз көженің бәрі құйылып, араластырылатын. Ауылдағы ағайындар мен ауылдастар жиналып болғаннан кейін бәрі көк шөптің үстіне жайылған дастарханда қыстан қалған сүрдің етінен дәм татып, мәре-сәре болатын.

Ауыл қариялары өлі мектеп табалдырығын аттай қоймаған

балаларға дейін бір-бірімен күрестіріп, күш сынастыратын. Бәлкім Наурыз мерекесін атап өтуге тыйым салынғандықтан болар, ол кездері Ұлыстың күні дүркіретіп атап өтілетін еді деп айтсақ, артықтау болар еді.

Бір таңқаларлығы, осы Наурыз мерекесі қарсаңында жылы жақтан наурызек (наурыз) торғай ұшып келетін. Сондай-ақ қыр үстіне шығып, бәйшешек пен нәуірзек (наурыз) гүлін теретінбіз. Нәуірзек торғай мен нәуірзек гүлінің түсі де бізге бірдей ұқсас болып көрінетін.

Бұл күндері ынтымақ пен бірлікті ту ететін, елге ырыс пен береке әкелетін Ұлыстың ұлы күнін бүкіл ел болып думандатып атап өтетін жағдайға жеттік. Ал менің есімде біздің балалық шағымыздың Наурызы қаз қалпында сақталып қалыпты.

Р.ӘУЕЗОВ,
зейнеткер.

Ленгір қаласы.

Жаңару мен мейірімділік, тазалық айы

Жыл сайын ауыл-ауыл, көше-көше болып дегендей, Наурыз мерекесін көпшілік болып ұйымдасып, біркісідей атап өтуді дәстүрге айналдырдық. Бұл, әрине, жақсылықтың, ізгіліктің нышаны. Көптің көзін көрген қариялардан естуімше бұрындары ата-бабаларымыз Наурыз мерекесін атап өтуге алдын-ала дайындалып, бір ай бойы тойлаған көрінеді. Бір ай болғанда, әр ауыл кезегімен Наурыз мерекесін ұйымдастырып, қонаққа алыс-жақын, іргелес қонған көршілес қоныс тұрғындарын құрметтеп шақырып, тойларын тойға ұластырып отырған.

Ұлыстың ұлы күнінің өзге мерекелерден ерекшелігі сол – бұл айда барша қауым жас көшеттер отырғызып, бұлақ көздерін, үй, ауыл маңын тазартып қана қоймай, ойы мен саналарын да тазартып, жүректеріне мейірімділік, қайырымдылық, ізгілік нұрын сіңірген, яғни имандылық ұялатқан, бір-біріне деген реніші мен өкпесін мүлдем ұмытқан. Бүгінгі және болашақ ұрпақтарымыз да Наурыз мерекесін атап өтуде, ата-бабаларымыздан бізге жеткен осы ең дұрыс әрі түзу жолды ұстануы керек.

Н.ҚҰДАБАЙҰЛЫ.

Таскешу ауылы.

Есенберлин Илияс қызық еді,
Ерейменнің сілемі,
Үзігі еді.
Арктика мұзындай тақырыпты
Алғаш рет ол өзі бұзып еді...

Қадыр МЫРЗА ӘЛИ.

Үстіміздегі жылы бүкіл қазақ елі аса көрнекті қаламгер ұлдарының бірі – Илияс Есенберлиннің туғанына 120 жыл толуын атап өтуде. Әдебиетсүйер, ата тарихымыздың тереңіне үңіліп, сыр тарқатуға құштар барша қауым қазақтың көрнекті жазушысы Илияс Есенберлиннің жазған шығармаларымен, әсіресе тарихи романдарымен жан-жақты таныс болса керек. Қолына бала кезден қалам ұстаған көрнекті қазақ жазушылары сияқты Илияс ағамыз да үлкен әдебиетке барар шығармашылық жолын өлең жазудан бастады. Оның ең алғашы жарық көрген өлеңдерінің кейбірі кезінде сын садағына ұшырады. Солай болса да мұқалмай, жігерін жанып, қаламын үшкірлей түсті.

Қаламгердің мерейжасына орай оның өмір жолына, шығармашылығына қысқаша тоқталып өткеніміз жөн болар деп ойлаймын.

И.Есенберлин 1915 жылы 10 қаңтарда Ақмола облысының Атбасар қаласында дүниеге келген. Шыққан тегі Орта жүздің Арғын тайпасының Қуандық руынан болады. Ұлы Отан соғысы басталардан бір жыл бұрын Алматыдағы Қазақ тау-кен институтын бітіріп, Жезқазған руднигінде инженер болып еңбек жолын бастайды. Көп уақыт өтпей Ұлы Отан соғысы басталып, әскер қатарына шақырту алып, өз қатарластарымен бірге майданға аттанады. Сұрапыл шайқастардың бірінде ауыр жарақат алып, елге оралған соң 1942-1947 жылдар аралығында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде нұсқаушы, 1951 жылы Қазақ мемлекеттік филармониясында директор, 1953-1954 жылдары Геология министрлігінде аға инспектор, 1954-1955 жылы Берсүгір шахта басқармасының бастығы, 1955-1967 жылдары Қазақ мемлекеттік көркемәдебиет баспасында және «Қазақфильм» киностудиясында аға редактор, өмірінің соңғы жылдарында «Жазушы» баспасының директоры қызметтерін атқарады.

Көзі тірісінде елге сіңірген еңбегі лайықты бағасын алмаған жазушыларымыздың бірі – Илияс Есенберлин еді. Оны айтасыз, Қазақ филармониясында

Ата тарихымызға алғаш түрен салан қаламгер

қызмет атақарып жүргенінде қаржы жымқырып қойды деген сылтаумен бірнеше жыл бойы түрмеге қамалған жағдайы да бар.

Илияс ағамыз соғыстан бұрынғы жылдардағы түрлі тақырыптардағы өлеңдерді айтпағанда, «Сұлтан», «Айша», «Большевик туралы поэма» дегендей, бірнеше дастандарды жазып тастады. Ол 1960 жылдан бастап поэзиядан біртіндеп қол үзіп, біржола прозаға көшті. Оның «Өзен жағасында», «Толқынды Есіл», «Ғашықтар» романдарын әдебиетсүйер қауым қолынан тастамай оқыды. Романдары сол кездегі одақтас республикалар украин, латыш, литва, өзбек, алтай, қырғыз, қарақалпақ тілдерімен қатар венгер, поляк, француз, неміс, араб және басқа да әлем халықтары тілдеріне аударылды.

Илияс Есенберлин коммунистік идея салтанат құрып, евроцентристік көзқарастағы тарихшылардың айтқаны айтқан, дегені болып тұрған Кеңестер Одағының қылышынан қан тамып тұрған кезінде нағыз батырлық танытты.

Қазақ халқының XV–XIX ғасырлар аралығындағы өмірін қамтитын «Қаһар» (1969), «Алмас қылыш», (1971), «Алтын құс» (1973), «Жанталас» жалпы көшпенділер трилогиясын әдебиетсүйер қауым назарына ұсынды.

Илияс Есенберлиннің бұл тарихи романдарды өмірге әкелуінің өзі ерлік деп айтуымыздың өзіндік себебі бар. Өйткені халқымыздың өткен тарихына қатысты зерттеу жүргізген немесе қалам тартқан тарихшы ғалымдар мен ақын, жазушылардың бәріне дерлік халық жауы деген жалған айып тағылып, түрмеге қамалып, итжеккенге айдалып, тіпті кейбіреулері атылып та кетті. Қазақ халқының 600-ге тарта эпостық жырларынан бастап ауыз әдебиеті мұраларының «Қамбар батыр» дастанынан басқасының бәрін түпнұсқасымен қоса өртеп жіберді. Себебі, сол кездердегі «коммунистік көзқарас» бойынша «Алпамыс», Қобыланды», «Ер Тарғын»... сияқты қазақтың көптеген эпостық дастандары хылықтың – кедей-кепшіктің жырлары емес, үстем тап өкілдерін дәріптейтін әдеби мұралар қатарына жатқызылды.

Қазақтың ең соңғы ханы Кеңесарының

өмірі мен Ресей отаршылдарына қарсы күресі жөнінде тарихи зерттеу жүргізген белгілі қазақ тарихшысы Ермұхан Бекмахановтың соңына кеңестік саясат сойылын соғушылар құрық алып түсіп, тіпті түрмеге де тоғытқаны естен шыға қойған жоқ. Елдегі осындай жағдайлардың бәрін көріп, біліп жүріп, тарихи шындыққа негізделген бір емес, бірнеше роман жазу қазақ жазушысы үшін ол кездері нағыз көзсіз ерлікпен пара-пар болатын.

Илияс Есенберлин қазақ әдебиетіне түрен салып, жаңа бетбұрыс жасап, тарихи романдарын шетінен жариялай бастағанда, біз мектеп оқушысы болатынбыз. Әлгі кітаптарды кітап магазиндерінен оқырман қауым түгелімен сатып алып, таласа-тармаса оқығандары өлі күнге дейін естен шыға қойған жоқ.

Жазушының «Алмас қылыш» романын XV ғасырдың роман-хроникасы деп айтуға болады. Жалпы, Илияс Есенберлинді бірінен соң бірін жалғастырып 17 роман жазған нағыз қаламы қарымды жазушымыз деп мақтан тұтамыз.

Жазушының «Алмас қылыш» романының ең басты кейіпкерлері Әбілқайыр хан, Абылай хан, Жәнібек хан, Керей хан, Асан қайғы, Қазтуған жыраулар, ал «Жанталаста» қазақ даласының сахнасына Қасым ханды, Хақназар ханды, Абылай ханды, Бұқар жырауды шығарады. «Қаһар» романында Кеңесары хан, Ағыбай, Жоламан батырлар мен Бопай ханымды ең басты кейіпкер етіп алды.

«Алмас қылыш» романындағы оқиғалардың басым бөлігі XV ғасырдың орта тұсынан XVI ғасырдың алғашқы он жылдығы аралығындағы қазіргі Қазақстанның немесе бұрынғы Шығыс Дешті Қыпшақ жерінің аумақтарында өтеді. Романның оқиға желісінде автор тарихи шегіністер жасай отырып, XII – XIV ғасырлар аралығында өмір сүрген тарихи дара тұлғалар Шыңғыс хан, Жошы хан, Бату хан, Үгедей хан, Күйік хан, Өзбек хан, Жәнібек хан, Бердібек хандарға қатысты оқиғаларды баян етеді.

«Алмас қылыш» романына арқау болған, баяндалған, суреттелген оқиғаларда Қазақ халқы тарихындағы аса

маңызды кезеңдер – Қазақ хандығының құрылуы, күшеюі аралықтары барынша кеңінен қамтылады.

И.Есенберлиннің тарихи тақырыпты өзек еткен туындыларының ең құндылығы сол, оның нақты тарихи деректер мен оқиғаларды деректерді ұтымды пайдалана білуінде жатыр. Автор қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми негіздегі жазбаларды өзі оқып, әбден зерттеген. Қолда бар барлық жазба деректерді, ел аузынан естіген әңгімелерді, тіпті аңыздарды шеберлікпен пайдалана білді.

Жазушы тарихи романдарын жазуға өте тыңғылықты дайындықпен келгенін көзі қарақты оқырман қауымның бәрі жете түсінсе керек.

И.Есенберлин тарихи роман жазуға барардан алдын қазақтың әйгілі тарихшы ғалымы Ә.Марғұланның, белгілі өзбек тарихшысы Б.А.Ахмедовтың, Алтын Орда тарихын зерттеген орыс ғалымдары А.Ю.Якубовский, Б.Д.Греков, Л.Н.Насонов, В.В.Бартольд, М.Т.Сафарғалиев және басқалардың зерттеулерімен, «Тарихи и Абу-л-Хайр-Ханни», «Тарих – и Кипчаки» және де басқа еңбектермен жан-жақты танысып шыққаны аңғарылады.

И.Есенберлиннен кейін одан үлгі алған белгілі қазақ жазушылары Қ.Жұмаділов, М.Мағауин және басқалар қазақ халқының тарихына қатысты романдар жаза бастады. Бір айта кететіні, тарихи туындыларды қанша дегенімізбен де көркем әдебиеттер қатарына қосқанымызбен, ел тарихында ерекше орын алан оқиғаларды бұрмалап көрсетуге, қиялдан кейіпкерлер жасауға әсте болмайтынын, мұндай жағдайда талас пікірлер туындап жататынын оқырман қауым жақсы білсе керек.

Әлем әдебиетінде бүкіл бір елдің бір замандардағы тарихына қатысты жазылған тарихи романдар аз ұшыраспайды. Осы орайда өткенімізді қайта жаңғыртқан, өшкенімізді жағып, өлгенімізді қайта тірілткен қазақ жазушысы Илияс Есенберлиннің біздің халқымыз үшін алар орны ерекше.

С.ОРЫНБАСАР.

«ТӨЛЕБИ ТУЫ» – ХАЛЫҚТЫҢ ҮНІ, ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ!

Түркістан облысының Төлеби ауданында жарық көретін «Төлеби туы» қоғамдық-саяси газетінің 90 жылдық торқалы тойы құтты болсын!

Ғасырға жуық тарихы бар бұл басылым – аудан өмірінің айнасы, халықтың жанашыры, шынайы ақпарат пен рухани құндылықтардың жаршысы.

90 жылдық тарихында «Төлеби туы» мыңдаған маңызды оқиғаларды хатқа түсіріп, елдің сөзі мен үніне айналды. Бұл газет тек ақпарат таратып қана қоймай, әр кезеңдегі қоғам тынысын көрсетіп, журналистиканың нағыз мектебіне айналды.

Газеттің әр санында ел мен жердің шежіресі жазылып, қарапайым еңбек адамдарының жетістіктері дәріптелді. Осындай жауапкершілігі мол еңбектің артында қажырлы қаламгерлердің, өз ісіне жан-тәнімен берілген басшылар мен журналистердің өлшеусіз үлесі бар.

«Төлеби туы» газетінен түлеп ұшқан қаламгерлер бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде үлкен жетістіктерге жетіп, журналистика саласының көрнекті тұлғаларына айналды.

Осы жылдар ішінде газетке жетекшілік еткен білікті бас редакторлар, өз ісіне берілген журналистер, техникалық қызметкерлер мен баспагерлер ұжымның айнымас тірегіне айналды.

Бүгінгі таңда да «Төлеби туы» өз дәстүрін сақтай отырып, жаңа заман талабына сай дамып,



оқырмандарына сапалы ақпарат ұсынып келеді.

Тоқсан жыл – тұтас бір дәуір, мақтанышпен айтар тарих.

Осы торқалы тойда «Төлеби туы» газетінің ұжымына шығармашылық шабыт, тың идеялар мен биік белестерді бағындыруды тілейміз! Оқырмандарыңыз

көп болсын, халықтың жүрегінен орын алатын өткір, шынайы, мазмұнды дүниелеріңіз көбейе берсін!

Газеттің бас редакторы Әбдімәлік Түймебекұлы Рахманқұлов мырза!

Сіз – өз ісіне адал, шығармашылыққа жаны құмар, талай талантты журналистерді қанаттандырған көрнекті қаламгер, білікті басшы, талапшыл редакторсыз. Сіздің жетекшілігіңізбен талай маңызды тақырыптар қозғалып, газеттің әр санында оқырманға ой салар тың дүниелер жарық көрді.

Сіздің кәсіби шеберлігіңіз, адалдығыңыз бен әділдігіңіз әріптестеріңізге ғана емес, барша журналистика саласының мамандарына үлгі.

Сіз қалыптастырған шығармашылық орта мен ұжымдағы ерекше рух бүгінде көптеген жас журналистердің бағыт-бағдарын айқындап, үлкен өмірге жол ашты.

Осы торқалы тойыңызда Сізге зор денсаулық, шығармашылық шабыт, отбасыңызға амандық, ал еңбегіңізге толағай табыстар тілейміз! Жарқын жетістіктеріңіз көп болсын, қаламыңыз қуатты, ойыңыз ұшқыр, абыройыңыз асқақ болсын!

ТОРҚАЛЫ 90 ЖЫЛДЫҚ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметпен, «Парасатты Қазақстан» қоғамдық бірлестігінің құрылтайшылары атынан Шырынбек Сусынұлы ОҢҒАРОВ.

Астана қаласы.

(Жалғасы. Басы өткен санда).

Олардың арасында тартыс болған немесе біреулері келісіп, олардың арасынан жөн көргенімді қабылдап, жөн көрмегенімді теріске шығарамын».

Міне, Әбу Ханифаның мәзһабы негізінен оның көзқарасымен ижтихадина сүйенетін сүни ағым, бүгінгі мұсылмандардың жартысынан көбі осы мәзһабқа қарайды. Бұл мәзһаб Куфада пайда болып, Бағдатта орталығы қалыптасты. Ирактан Сирияға, Мысырға, Османлыға, Мавареннаһрға, Дешті Қыпшаққа, Қытай мен Үндістанға тарайды. Қазақстан мұсылмандары ислам тағылымындағы Әбу Ханифа мәзһабын ұстанады. Бұл сүнниттік бағыттағы басқа мәзһабтарға қарағанда неғұрлым төзгіш, жергілікті әдет-ғұрып, салт-сана заңдарымен, дәстүрлі нормаларымен санасатын мәзһаб.

Әбу Ханифа сахабалардан дәріс алғандықтан, «табиғин» мәртебесінде танылды. Ол – өзі ислам құқық мектебін қалыптастырушы ретінде қырық адамнан – маманнан тұратын фикһ мектебін ашты. Бұл мектеп сол дәуір үшін құқық ғылымын дамытып қана қоймай, заңдарды сараптап, жүйе қалыптастырып, дәстүрге айналдырды. Ислам фикһінің кем-кетіс жерлерін таба білді, толықтырды.

Имам Ағзам еңбектері: «әл-Фикһул акбар», «әл-Фикһул әбсат», «әл-Рисалә», «әл-Алим уәл-мутааллим», «әл-Уасия». Осы еңбектері ішінен «әл-Фикһул әбсары» ғұламалар жағынан жоғары бағаланып, түсіндірмелі әрі талдамалы еңбектер жазылды.

Ислам ғұламасы Имам Ағзам Әбу Ханифа 767 жылы 70 жасында дүниеден озды. Атақты ислам құқықшысы Яхья бин Адам Әбу Ханифаның шығарған үкімдерінің қасында кез келген ислам құқықшысының үкімдері өз маңызын жоғалтатынын айтқан.

Әбу Ханифаның пікірлерін одан ары дамытушы ірі тұлғамыз матуриділік мектептің негізін қалаушы Әбу Мансур Мұхаммед ибн Махмуд әл-Матуриди әс-Самарханди (шамамен h. 248 м. 862 жылы).

Имам Матуриди ақида саласында аят пен хадиске қоса, дінді түсіндіруде ақылды да қатар пайдалануды қағида ретінде ұстанды.

Түркілік дүниетаным және ислам философиясына арнайы еңбек жазған әл-Фараби бабамыз болатын. Ол – тек ислам өркениеті үшін ғана емес, Батыс пен Шығыста ақыл-ойдың айқын тіршілік ету тұжырымдамасын жасаған данышпан.

Әл-Фараби адамның танымында алатын орнын айқындау мәселесіне көп көңіл бөлгендігін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» деген ең кемел туындысынан білуге болады. 948 жылы Египетте жазылған. Бағдат пен Дамаскіде «Азаматтық саясат» мәтініндегі ой-пікірлерінде адам өмірінің мән-мақсаты – бақытты болу, ал оған көкейге қонымды танымның көмегімен ғана қол жеткізуге болады деп санады. Ойшылымыз қоғамды мемлекетпен сабақтас қарастырған. Қоғамның өзі адамның ағзасы сияқты деген.

Сезіммен танып-білу, түйсіну мен қиялдаудың көмегімен жүзеге асатыны мәселенің мәнісіне терең бойлауға мүмкіндік бермейді. Танымға тек ақыл ойдың арқасында ғана қол жеткізу мүмкін, – дейді. Ақыл-ойды енжар, көкейкесті, қабылдампаз, әрекетшіл деп төртке бөлген.

Фарабидің ойынша, адамды бақытқа жеткізетін құрал – философия. Философиялық танымға адам екі жолмен жетеді. Біріншісі – адамның ақыл қуаты, екіншісі «белсенді сана» мен ұстанымы байланысы. Қоғамдағы барлық адамға болмысы жағынан көміл жол көрсететін пір, ойшыл философ басшы қажет екендігі айтылған. Яғни әрбір адам парасатқа қол жеткізу үшін қоғамның ішінде болуы шарт.

Фараби тіршілік дүниетанымдық элементтері мен құбылыстарды ислам философиясы ішінде қорытып, пайдалана білді. Түркі ислам философиясы тарихындағы Фарабидің ойлау жүйесіндегі Алла туралы түсіндірмесіне профессор Досай Кенжетай: «Көламдық тұрғыдан өзіндік методологиялық сенім жүйесін қалыптастырған түркі-ислам философиясында көламдық-доктриналық мектептің негізін салған Матрудидің Алла, әлем және адам туралы идеялары да Фараби, Ибн Сина көзқарастарымен астасып жатыр. Өйткені, олардың дүниетанымдық кеңістігі мен негіздері ортақ болатын», – депті.

Әл-Фараби «Бірдің», яғни Тәңірдің Ол өзінің «бар» болуы үшін еш нәрсеге мұқтаж еместігін қабылдайды. Ол (Тәңір) өзін-өзі тану, білу нәсіне ие. Оның формасы еш нәрсеге ұқсамайды. Еш нәрсе оған ұқсамайды. Оның қарама-қайшылығы мен серігі жоқ. Бүкіл болмысты себеп және салдар ара қатынастарымен байланысты дәрежеге беледі: Алла, аспан денелері, сана, жан, форма, материя байланыстығын ашады. Фараби философиясы – ислам діні мен дүниетанымын басшылыққа алатын философия. «Қайырымды қала тұрғындары» еңбегінде әл-Фараби материядан тыс болмыс, мәңгі жаратылыс құбылысының Иесі – Алла туралы өте терең талдау жасаған теориясы ислам

философиясының маңызды бөлігін құрайды. Ойлау қалпы грек философиясына сүйенгенімен, мазмұны исламдық екендігі күмән туғызбайды. Әл-Фарабидің пікірінше, пайғамбарлық пен философ болу қасиеті бар адам кемеңгер басшы саналады. Бұл қасиеттер Мұхаммед пайғамбардың бойында бар. Сондықтан да Мұхаммед пайғамбарды «Бірінші басшы» деп есептейді.

Исламдағы таухиди ойлау жүйесін философиялық тұрғыдан Фараби деңгейінде түсіндірген ойшыл кем екендігі мойындалды. Оның керемет философиялық

Түркілік дүниетаным

ілімдері арқылы түркілік ойлау, түркілік дүниетаным, түркілік интеллект мүмкіндігінің қаншалықты жоғары екендігі Еуропаға паш етілді. Әбу Насыр Әл-Фараби (870–950) дүниежүзілік мәдениет пен білімнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы, данышпан, философ, энциклопедист ғалым, әдебиетші, ақын. Фараби ұстанымының басты түйіні – білім, мейірмандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде. Гуманистік идеялары әлемге кең тарайды. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Ұлы өркениет философы Әбу Насыр Әл-Фарабидің рухани әлемі – адамзат өркениеті мен рухани құндылықтарының биік шыңы.

Ол Арыс өзенінің Сырдарияға құя беріс сағасындағы Отырар (оны қыпшақтар Қарашоқы деп те атаған) қаласында дүниеге келген. Өсе келе ғылым мен мәдениет орталықтары: Бағдат, Қорғасан, Дамаск, Каир, т.б. шаһарларда болды.

Әлемде тұңғыш рет «Әбу Насыр Әл-Фараби» энциклопедиясы жарық көрді. ҚазҰУ, Голландия, Түркия медиакомпаниялары бірлестікте үш деректі фильм түсірді және «Ұстаздың оралуы» деген жаңа киножобаны көрермендер назарына ұсынды. Ғұламаның бұрын жарық көрмеген 3 трактатын арабшадан қазақшаға аударды. Жаңадан 10-нан астам монография мен оқулықтар жазылып, нақыл сөздер жинағы қазақ, орыс, ағылшын, тілдерінде оқырмандар қолына тиді.

Адамзат тарихында өткен ғасырға дейін мемлекеттік жүйе өз болмысын саяси билік пен діннің тұтастығы арқылы жүзеге асырды. Ұлы даланы еркін жайлаған қазақ – сан ғасырдан бері дін Исламның мәңгілік мұраларына қанығып, шаригат қағидаларын өмірге тірек етіп келген мұсылман халық. Сол сияқты алғашқы қазақ хандығы болмысының мәнінде де ислам жатты. Арыс түркі, берісі қазақ ұлысының атақонысы Ұлы дала төсінде Азия мен Еуропаның арасын жалғаған қалалар бойы керуендер мен саудалардың орталығына айналып, әлемдік саяси-әлеуметтік оқиғалардың ортасында шешуші рөл атқарғаны мәлім. Соның бірі де бірегейі Жошы ұлысы Алтын Орданың астанасы болған Сарайшық – Азия мен Еуропаны байланыстырған Алтын көпір, ұлы Жібек Жолының маңызды, ірі нүктесі. Ол Қытай, Үндістан мен Қара теңіз арасын байланыстырған көне шаһар. Ислам дінін Алтын Орда империясының мемлекеттік діні етіп бекіткен қала. Көне шаһарда 50 мыңға жуық тұрғын мекен еткен. Сарайшық XIV ғасырда-ақ озық технологияларымен әлемге танылды. Бүгінде ескі Сарайшық орны Атырау қаласынан 50 шақырымдағы мекенде.

1333–1334 жылдары белгілі геораф-ғалым, өзінің «Әмірлік саяхат» кітабында араб саяхатшысы Ибн Баттутаның: «Мен бүкіл әлемді шарлап шықтым, Сарайшық Бағдаттан кейінгі ең үлкен қала екен. Ол жерде ханның мөлшерлемелері, төрт жалтыраған мешіт және көптеген қонақ үйлер орналасқан. Мені таң қалдырған бұл емес, су жіберу жүйесі. Сарайшықта су әрбір үйге өзі кіреді. Осыны көргеннен кейін мен шын мәнінде таң қалдым» деп баға берген. Сарайшық жөнінде жазба дерек қалдырған ағылшын көпесі Энтони Дженкинсон: «Батыста Парижді көру арман болса, Шығыста Сарайшықты көру таңсық екен. Сол құмарлықпен Сарайшыққа келіп, көлігімнің болмай қалауына байланысты бір ай тоқтап қалдым. Бұл жерге айына 700-ге дейін керуен келеді екен. Қала үлкен сауданың орны, іздеген затыңның бәрі бар». Кезінде осындай көркейген қала Алтын Орда хандары мен Қазақ хандарының баһадүрлері жерленген еліміз үшін Сарайшық – «қасиетті мекеннің» тап өзі.

Қазақ тарихында Берке ханның орны ерекшелігіне арнайы баға берген тарих ғылымдарының докторы Жеңісбек Мұстафин «Сарайшықты ноғайлардан тартып алып, Қазақ хандығының астанасы еткен ірі тұлға» деген. М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегінде Берке ханның Сарайшықты қалай астана еткені һәм оны қалай өркендеткені жайлы анық жазған.

Сарайшық – Жошы Ұлысы – Алтын Орда, Қазақ хандығы, Ноғай ордасы билеушілердің пантеоны. Қалада Алтын Орда хандары Тоқтау Мөңке Темірұлы (1290–1312 ж.ж.), Жәнібек Өзбекұлы (1342–1357 ж.ж.), Бердібек Жәнібекұлы (1357–1359 ж.ж.), Тоқтамыс Тайқожаұлы (1350–1406 ж.ж.), Қазақ хандығының атасы Ақ орда ханы Барақ Құйыршықұлы (т.ж. белгісіз–1428 ж.), Қазақ хандығының билеушісі Қасым Жәнібекұлы

(1445–1518 ж.ж.) жерленген. Одан басқа көптеген Ноғай мырзалары мен бектері де осында жерленген. Сарайшық Қазақ хандығы Қасым хан (1511–1521 ж.ж.) тұсында халқы 1 миллионға, әскері 300 мыңға жетіп, әлемге танылды. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражайының директоры Әбілсейіт Мұқтардың жинақталған зерттеулер қорытындысымен айтуынша, Қасым хан Жетісудан Сарайшыққа 1518 жылы келіп, империя құрған. Сонау Ертістен бастап, Еділге дейінгі ұлан-ғайыр мекенде мемлекет қалыптастырған.

Дәуірлеген Сарайшық қаласы 1580–1581, 1586-жылдары көктемде орыс-казактарының жойқын шабуылдарына ұшырады. Зерттеуші О.Попов: «Орыстардың Жайық бойын игеруіне Иван

Грозныйдың Волга казактарына жүргізген репрессиялық шаралары түрткі болды деген түсінік қалыптасқан. 1577 жылы 1 қазанда патша стольник Иван Мурашкинге «ұры казактарды» ұстап, өлім жазасына кесуді бұйырды» дей келе, «1580 жылы Жайық бойына келген казактар патша қаһарынан қашқан қашқындарға ұқсамайды. Олар зор әскери күшке ие болды және қашуды ойламай, керісінше, жаңа территорияны басып алуға келді» деген пікірі Мәскеу үкіметінің жымсық саясаты екендігінің дәл езі. Еділ казактарынан ығысқан ноғайлар Жайықтан асып кетті. Талас-тартыс нәтижесінде Мәскеу саясаткерлерінің жоспарымен Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығының алма-кезек астанасы болған Сарайшық талқандалып, тарих сахнасынан кетті. Қорытындысында Сарайшық Ресейдің Азияны отарлауындағы бір бекініс қорғанына айналып шыға келді.

«Кезінде өркениеттің көшбасшысы болған бұл қала жер бетінен қалай жойылған?» деген сауалымызға Қазақстанның Мәдениет қайраткері Молдаш Бердімұратов зерттеулерінде мынадай шындық беті ашылды. Сарайшықты 1580 жылы орыстың патшасы Иван Грозный казактарды жіберіп, қираттырған. Қаланы басып алған казактар қиратуға қимайды. Мұны естіген қаһарлы патша қалаға арнайы келіп, он екі күн болады. Кетерінде Иван Грозный қаланың келбетіне тамсанғанымен, «Мәскеуге ұқсайтын қала жер бетінде тұруға тиіс емес» деп, қаланы тас-талқан етіп қиратуға казак атаманына бұйрық береді. Сөйтіп, бес ғасырға жуық уақыт өмір сүрген салтанатты Сарайшық жермен-жексен етіліп, бар байлығы тоналады.

Грозныйдың қаланы қирату себебі – өзіне дейін билік құрған Юрий Долгорукий Мәскеудегі Қызыл алаңның құрылыс келбетін Сарайшықтан көшірген. Қаланы қирату себебі – өздерінің осы «ұрлықтарын» жасырып қалу болғаны анықталды.

1732 жылы 19 ақпанда Сарайшықта болған И.Г.Гербер қираған қала маңы қалмақ билеушісі Назар Даршидің жазғы резиденциясы екенін жазып қалдырады. Қалмақ билеушілерінің Сарайшықта тұрақтағандарына төзбеген қазақтың бас ханы Әбілқайыр: «Жайық өзені кеуіп қалғанша, тіпті ақырзаман келгенше қазақ халқы бұл жерден ешқашан айырылмайды» деп жар салған қадамдарын, Сырым батыр бастаған атой салғанына жалғасын тапқан 1801 жылы Бөкей бастаған қазақ руларының Сарайшықтан алыстамай, айнала тұрақты көшіп отырулары тарихтан ойып орын алғаны мәлім. Қазақтардың ежелгі атамекені болған Еділ мен Жайық аралығын бағы замандардан таласқа толы, жеті жұрт қонып, жеті көш көшкен киелі өлке Арғы тегі скифтердің, сақтардың, кейін қазақ руларының мекені болды. XVII ғасырдың 30-жылдары қалмақтар келіп орныққан соң, қазақ-башқұрт-жоңғар соғысы нәтижесінде қазақтар атамекенін тастап, Жайықтың арғы бетіне көшті. Алайда қазақтардың шапқыншылықтарына шыдамаған қалмақтар 1771 жылы Жоңғарияға қоныс аударғаннан кейін, бұл өлке бос жатты.

Атақонысқа қайта оралуды мақсат еткен Кіші жүз ханы Нұралының ұлы Бөкей сұлтан 1799 жылы Павел I патшаға өтініш жолдап, Еділ-Жайық арасын түпкілікті қоныс етуге рұқсат сұрайды. 1801 жылдың 11 наурызында Бөкей сұлтанның өтінішін қабыл алғандығы жөнінде жарлық шығады. Сол жылы күзде 12 ата Байұлы, 6 ата Әлімұлы, Жетіру мен ноғай-қазақ руларынан 5 мың түтін Бөкей сұлтанның бастауымен жаңа жерге көшіп келді. Тарихта Ішкі Қазақ немесе Бөкей Ордасы деп аталған өлкенің іргесі осылай қаланды.

Осындай алма кезек басқыншылардан қайтару аманаты Дешті Қыпшақты мәңгілік мекен еткен ешқашан сағы сынбаған қазақ халқына бұйырды. Қазақ хандығының астанасы болған Сарайшық халқымыздың сан ғасырлық тарихынан сыр шертетін, елдік пен ерлікті дәлелдейтін, бабалар аманатына адалдықты айғақтайтын киелі шаңырақ. Дегенмен Алтын Орда–Ноғайлы–Қазақ хандығы тарихындағы аласапыран кезең Сарайшық тарихына өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

Жақсылық Сыдықбайұлы.

(Жалғасы келесі санда).

Қайғы мен қасірет жамылдырып жеткен жеңіс

• Ұлы Жеңіске – 80 жыл

(Соңы. Басы 7-бетте).

Кеңестер Одағында 1937-1938 жылдарда жаппай орын алған саяси қуғын-сүргін науқанында бүкіл еліміздегі зиялы қауым өкілдерімен, білімді, көзі қарақты мамандармен қатар, Кеңестер Одағы қарулы күштерінің басшылық құрамы өте ауыр шығынға ұшырады. ЖШҚӨ басқару буынында 5 маршалдың 3-еуі, 15 армия генералының 13-і, 9 адмиралдың 8-і, 57 комкордың 50-і, 186 дивизия командирінің 154-і, 16 әскери комиссардың 16-сы, 28 корпус комиссарының 25-сі ату жазасына кесілді. Олардың орындарына жас, білімі мен біліктілігі, жауынгерлік тәжірибесі мүлдем жоқ жастар тағайындалды. Осындай

себептермен кеңес әскерлері Ұлы Отан соғысы басталысымен мүлдем ес жия алмай қатты әбігерге түсіп, қирай жеңіліп шегінулеріне тура келді.

Ұлы Отан соғысы қарсаңында Германияның өзінде және жаулап алған елдері мен одақтастарында жылына 439 миллион тонна көмір, 31,8 миллион тонна болат өндірілді, 11 мың зеңбірек пен миномет, 11 мың ұшақ шығарылды. 1941 жылдың бірінші жартысында 1621 танкі мен өздігінен жүретін артиллерия қондырғысы шығарылды.

1945 жылғы Берлин операциясына 3,5 миллион жауынгер, 52 мың қару-жарақ, 750 танкі, 11 мың ұшақ қатыстырылды.

Неміс фашистік басқыншылары-

мен болған Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс мерекесі 1947 жылы тоқтатылып, 1965 жылға дейін тойланбай, қарапайым жұмыс күндерінің бірі ретінде жалғасып келді. Бұлай болуының да түрлі себептері бар еді.

Алдағы, 2025 жылдың мамыр айының 9 жұлдызында бүкіл еліміздің халқы сияқты біздің Төлеби ауданының тұрғындары да Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің 80 жылдығын салтанатты жағдайда атап өтеді. Аталамыздың, әкелеріміздің, әжелеріміздің, аналарымыздың төгілген қанымен, қайғы-қасіретімен келген Ұлы Жеңіс мерекесі бүгінгі және болашақ ұрпақ мәңгілік атап өтеді деп ойлаймыз. Ата-бабаларымыздың ерліктері ел есінде мәңгілікке сақталуға тиіс.

О.ЗАҒАМБАР.

Ыдыс-аяқ – күнделікті тұрмыс-тіршілікте пайдаланылатын өте қажетті дүниелердің бірі. «Ыдысын көріп, асын іш», – деп ата-бабамыз айтып кеткендей, қазіргі уақытқа дейін

Көне жәдігерлерімізді біле жүрейік



қазақ халқы ыдыс-аяққа өте қатты мән берген. Тіпті сынған ыдысты үйде ұстамаған. Сонымен қатар келген қонаққа қандай ыдыспен ас тартуына ерекше мән берген. Ерте заманнан шеберлеріміз өз қолдарымен ағаштан, теріден, жүннен, қыштан, алтын, күмістерден түрлі ыдыстарды жасаған. Яғни ыдысты адам өміріне зияны жоқ, тек пайдалы заттардан ғана жасаған. Қазақ халқы – дәстүрге, ырымға, қолөнерге өте бай халық. Ерте заманнан-ақ «Ыдыста да ырыс бар», – деп әр ыдысты өзінше кие тұтқан.

Мақала өзегі музей қорындағы былғарыдан жасалған ыдысты сақтауға арналған кесеқап жайында болмақ. Кесеқап – көші-қонда шыны, қыш, көрлен кеселер сынбас үшін салынатын, ағаштан, теріден, киізден жасалатын қап, ыдыс. Кесеқапты қазақтар мен Орта Азия шеберлері ағаштан, шиден, тобылғыдан иіп, тоқып, сонымен бірге теріден, көннен тігіп жасаған.



Айталық, кесеқапты теріден жасағанда, ірі қараның жаңа сойылған терісін жібітіп, түгін ұстарамен қырады. Теріні жарты ағаштан жасалған шар тәрізді қалыпқа керіп жайып, қалыптың сыртына біркелкі

етіп, қалыңдығы 4-5 мм мұм жағады. Оған ортасында алғашқы қалыптың диаметрінен 7-8 мм кеңірек ойығы бар екінші қалыпты кигізіп, бұрап, қысады. Тері тобарсығаннан кейін сүмсуірмен терінің бетіне батыра бедерлеп өрнек салады. Тері қалыпта тұрып өбден кепкен соң, қалыпты шығарғанда шикі тері қатайып, көнге айналып, бастапқы қалпын сақтап қалады. «Көн қатса, қалыбына тартады» деген сөз осыдан шықса керек. Қалыптан шыққан теріні ыстап, майлайды. Оған қайыстан шашақ тағып, кесеқапқа ағаш қақпақ бекітеді. Қақпақтың теріден, киізден, қайыңның тозынан жасалатын қап-пақты, құбыр тәрізді түрлері де болады.

Бұл мақалада ұмыт қалып бара жатқан осындай ыдыстарды таныстыра кетуді жөн көрдік. Ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүрімізді, ырым-тыйымдарымызды және осындай көне жәдігерлерімізді білу, сақтау, келешек ұрпаққа жеткізіп отыру – әр қазақтың міндеті.

Б.АБДСЕИТ,
аудандық музей қызметкері.

Сырқаттың алдын алу маңызды

Қант диабеті – ең күрделі аурулардың бірі. Көбінесе аурудың алғашқы белгілері пайда болғаннан кейін диагноз қойылғанға дейін бірнеше жыл өтуі мүмкін. Бүйрек жеткіліксіздігінің, соқырлықтың және ампуляцияның негізгі себебі – қант диабеті.

Отбасы мүшелері қант диабетімен ауыратын адамдар, артық салмағы бар адамдар, жүрек-қан тамыр патологиясы бар адамдар, сондай-ақ 45 жастан асқан адамдар қауіп тобына кіреді. Алайда қазіргі таңда 30-35 жастағы жастардың арасында да осы дертке шалдыққандардың саны артып келеді. Қант диабеті қандағы глюкоза деңгейінің тұрақты көтерілуімен сипатталады, кез келген жаста пайда болуы мүмкін және өмір бойы сақталады.

Диабеттің түрлері:

- 1 типті қант диабеті немесе инсулинге тәуелді;

- 2 типті қант диабеті немесе инсулинге тәуелді емес.

Қант диабетімен сырқаттанушылықтың артуы 2 типті қант диабетімен байланысты, оның үлесі тұрақты өсіп келеді және барлық жағдайлардың 85% -дан астамын құрайды.

Ауруды бақылау және толыққанды өмір сүру үшін: артық салмақтан арылу; емдік диета ұстану; дене шынықтырумен айналысу; темекі шегуді және алкоголь ішуді тоқтату; күйзеліске түспеу; қандағы глюкоза мен

холестерин деңгейін бақылау; эндокринологтың бақылауында болу қажет; дәрі-дәрмектерді

тек дәрігердің нұсқауы бойынша қабылдау және жылына бір рет толық медициналық қарап-тексеруден өтуді ұмытпаған жөн.

Организмде келесі өзгерістерді байқасаңыз, дәрігерге жүгініңіз:

- үнемі шөлдеу;

- тез салмақ тастау немесе қосу;

- ауыз құрғауы, дәреханаға жиі бару;

- терінің іріңді зақымдануы ұзақ уақыт жазылмауы;

- тез және шамадан тыс шаршау.

Бұл қолайсыздықтардың себебі қандағы глюкоза деңгейінің жоғарылауы болуы мүмкін.

Қант диабетімен ауыратын адамдар күрделі асқынуды болдырмау үшін қандағы қант деңгейін үнемі бақылап отыруы маңызды.

Қант диабетінің алдын алу қарапайым саулық қағидаларынан тұрады: салмақты бақылау; дұрыс тамақтану (қант пен қаныққан майды тұтынуды азайту); физикалық белсенді болу; зиянды әдеттерден бас тарту.

Осы ұсыныстарды орындау денсаулықты ұзақ жылдар бойы сақтауға көмектеседі.

К.ЯНГИБАЕВА,

Ленгір қалалық емханасының медбикесі.

ҚОЗИЕВА Айнұр Өмірзаққызы



Ажалға құрық бойлаған ба? Аяулы әріптесіміз ҚОЗИЕВА Айнұр Өмірзаққызы 46 жасқа қараған шағында өмірден озды. Айнұр Өмірзаққызының қазасы баршамыздың қабырғамызды қайыстырып кетті.

Қоziева Айнұр Өмірзаққызы 1979 жылғы 1 қыркүйекте қазіргі Төлеби ауданы, Оңтүстік елді мекенінде дүниеге келген. Ауылындағы мектепті, Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетін бі-

тірген.

Еңбек жолын 2000 жылы Момынай орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып бастаған. Одан кейінгі жылдары Ленгір қаласындағы №1 мектеп-гимназияда еңбек етті. 2004-2011 жылдары Таскешу бастауыш мектебінің меңгерушісі қызметін атқарды. 2011 жылдан өмірінің соңына дейін №4 Қ.Сәтбаев атындағы жалпы білім беретін мектепте ұстаздық етті. 2014-2016 жылдары мектеп директорының оқу-әдістемелік істері жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

Шәкірттеріне сапалы білім мен өнегелі тәрбие беруді, білім ордасының абыройын ойлаған әріптесіміз ұжымда сыйлы, оқушыларының сүйікті ұстазы болды. Педагог-зерттеуші санатты білікті ұстаз өз міндетіне жоғары жауапкершілікпен қарап, өзіне жүктелген тапсырманы дер кезінде мұлтсіз орындайтын. Қашанда ашық жарқын, ақкөңіл мінезімен айналасына шуағын шашып жүретін. Білім беру саласында адал қызмет атқарған ардақты әріптесіміздің адамгершілік сипаты ескелең ұрпаққа үлгі болып қалары анық.

Перзент үшін мейірім шуағын төккен анадай жақын жан табылмас, сірә. Қимас әріптестің артында бір ұлы мен бес қызы қалды...

Орны толмас қазаға байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтамыз. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Бақұл бол, аяулы ұстаз, ардақты әріптесі!

№4 Қ.Сәтбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің ұжымы.

№6 жалпы білім беретін мектептің ұжымы осы мектеп мұғалімі Алибекова Эльмираға әкесі АЛИБЕКОВ Сарықұл Тұрғынұлының қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Жарамсыз деп табылсын

Бердалиев Такен Мырзахановичке 2015 жылғы 25 шілдеде ҚР Түркістан облысы Жол полициясы берген ХХ сериялы №335819 жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Нурилла Байгуловаға ҚР Президентінің 2010 жылғы 23 қыркүйектегі №1069 Жарлығы негізінде берілген №218953 «Күміс алқа» кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Қадиров Дилмурод Абдирасуловичтің «Audi A4» маркалы, мемлекеттік тіркеу номері 314ABY17 автокөліктің техникалық төлқұжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Жылыбаев Ердаулет Жаксылыковичке 2021 жылғы 11 ақпанда ҚР Ішкі істер министрлігі берген №047840639 жеке куәлік, 2020 жылғы 25 тамыздағы ҚР Түркістан облысы Жол полициясы берген ҮҮ сериялы №049974 жүргізуші куәлігі, «Daewoo Nexia» маркалы, мемлекеттік тіркеу номері 347AIP13 автокөліктің техникалық төлқұжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Мұралық іс ашылды

2024 жылғы қаңтар айының 4-і күні қайтыс болған азаматша Лайла Даеваның қалған мүлкіне нотариус Г.Т.Ахметова мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Барлық мұрагерлерге төмендегі мекенжай бойынша хабарласуын өтінеді:

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ленгір қаласы, Төлеби көшесі, 231-1.
Тел. 8 775 059 09 86.

2024 жылғы тамыз айының 9-ы күні қайтыс болған азамат Жаксыбеков Муратбек Шартайұлының қалған мүлкіне нотариус Г.Т.Ахметова мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Барлық мұрагерлерге төмендегі мекенжай бойынша хабарласуын өтінеді:

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ленгір қаласы, Төлеби көшесі, 231-1.
Тел. 8 775 059 09 86.

Құттықтаймыз!

Ленгірдегі №2 арнайы мектеп-интернаттың тәжірибелі тәрбиешісі, әріптесіміз **АЙТБАЕВА Бибайша Бекбосынқызын** зейнет жасына жетіп, 61 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!



Бибайша Бекбосынқызы отбасында екі қыз, бір ұлының аяулы анасы, немересінің сүйікті әжесі, ұжымда абыройлы, сыйлы әріптес.

Осынау қуанышты күні туған күн иесіне мықты денсаулық, қажымас қайрат, мол табыс, отбасына береке-бірлік, баянды бақыт тілейміз! Әріптеске деген жүрекжарды лебімізді мына жыр шумақтарымен сабақтаймыз:

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Арта берсін абырой-беделіңіз!
Таси берсін дәулет пен мерейіңіз,
Шаттық болсын әрдайым көргеніңіз!
Әрбір күннен күтер әркім жақсы үміт,
Келе берсін сізге ылғи бақ күліңіз!
Қуанышпен көріп таңның арайын,
Жаратушы сыйласын тек жақсылық.

Ізгі тілекпен, №2 арнайы мектеп-интернаттың ұжымы.

Оқырман назарына!

«Төлеби туы» газетінің келесі саны 2025 жылғы 2 сәуір, сәрсенбі күні шығады.

Редакция.

Аудандық саз мектебінде «Жас сарбаз әншісі» әскери-патриоттық өндер фестивалінің аудандық кезеңі өтті. Республикалық «Жас сарбаз әншісі» әскери-патриоттық өндер фестивалі аймақтық, аудандық, облыстық және республикалық деңгейде өтеді. Ауданның әр аймағынан іріктеліп келген өнерпаздар өнер көрсетті.

Ән фестивалінде Төлеби аудандық білім бөлімінің әдіскерлері



Әлімбаев Әуесхан Құрмантайұлы, Құрманбекова Маржан Үшкөмпіркызы, аудандық саз мектебінің ұстазы Әтеев Жанат ағай төрелік жасады.

Сайын даланы әсем әнімен тербеткен халқымыз ән құдіретін ежелден ұққан. Әннің құдіреттілігі сол, жұртты жұдырықтай жұмыл-

«Жас сарбаз әншісі» фестивалі

дырып, рухын асқақтатады. Ән – әр дәуірде сол заманның ұрпағын Отан үшін оққа да, отқа да түсуіне себепкер болған идеологиялық қару. Отан үшін, ел үшін батылдыққа шақыратын республикалық «Жас сарбаз әншісі» әскери-патриоттық өндер фестивалінің аудандық

оқушысы Сатқынбайұлы Нұралы мен робототехника құрастырушысы №7 ІТ мектеп-лицейінің оқушылары Аширбай Мадина мен Ерментай Иманәли. 2-орын иегерлері әннен Қайнар жалпы білім беретін мектебінің оқушысы Нұрғали Ақберді, робототехника бойынша №5 мектеп-гимназия оқушысы Тайров Сәкен, 3-орын иегерлері ән жанрынан Ақбастау жалпы білім беретін мектебінің оқушысы Сабыр Ұлдана, Әл-Фараби атындағы жалпы білім беретін мектебінің оқушысы Мырзақерім Аңсар және робототехника құрастырушылары Жыланбұзған жалпы білім беретін мектебінің оқушысы Ашурметов Азамат, Шарафиддинов Жавахир, Балдыберек жалпы білім беретін мектебінің оқушысы Бекжанұлы Бексұлтан, Алатау жалпы білім беретін мектебінің оқушысы Төребек Дінмұхаммед. Осы есімдері аталған оқушыларымыз жеңіс тұғырынан көрінді.

Облыста ауданымыздың намысын қорғайтын қатарластарыма сәттілік серік болсын!

Диас ИБРАГИМ,
Әңгірата жалпы білім беретін мектебінің 11-сынып оқушысы.

Мерекеде баспаналы болды

Наурыз мерекесі қарсаңында Ленгір қаласында 120 пәтерлі көпқабатты 2 тұрғын үй пайдалануға берілді. Аудан әкімі Еркеғали Әлімқұлов жаңа қоныс иелеріне құттықтау тілегін арнап, пәтер кілтін салтанатты түрде тапсырды. Мұндай



мүмкіндікке тұрғын үй кезегінде тұрған аз қамтылған, көпбалалы отбасылар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ие болды.

Тұрғын үй алаңының көлемі 7877,4 шаршы метр, жоба құны 2,1 млрд теңгені құраған құрылыс жұмыстарын мердігер мекемелер «Тау Бетон» ЖШС-і мен «Ынтымак-ОК» ЖШС-і атқарды.

Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жанынан үшінші тұрғын үйдің іргетасы қаланып, құрылыс жұмыстары басталды.

Жыл соңына дейін тағы үш көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, 156 отбасы баспаналы болмақ.

«Төлеби-ақпарат».

Өткен аптада Бірінші мамыр жалпы білім беретін мектебінде қазақ ғылымының жарық жұлдызы, аса көрнекті ғалым, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО мен Қазақстан жазушылар одағының мүшесі,

насихаттау және дарынды оқушыларды қолдау. 11 талантты күйші сахнада Дәулеткерей, Құрманғазы, Қазанғап, Әбдімомын Желдібаев, Нұркен Бейсенқожа сынды қазақ музыка өнерінің ұлы тұлғаларының

марпатталды: «Ең жақсы орындаушы» Қалдыбай Айсұ (9 «а» сынып), «Ең жағашыл орындаушы» Сейітбек Толғанай (9 «б» сынып), «Үздік орындаушы» Тұрдалиева Аида (6 «а» сынып), «Ең жас талантты орын-

Ұлттық мұрамызды ұлықтаған ерекше күн

әйгілі академик Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтың 100 жылдық мерейтойына орай арнайы мұражай ашылды.

Мұражайдың ашылуына химия-биология және тарих-география пәндері мұғалімдерінің әдістемелік бірлестіктері ерекше үлес қосты. Бұл бастама – ұлт мақтанышына айналған тұлғалардың еңбегін дәріптеп, өскелең ұрпаққа ғылыми мұраны жеткізуді мақсат еткен үлкен қадам болды.

Сол күні ұлттық өнерді насихаттау мақсатында мектебімізде «Домбыра – бабадан қалған асыл мұра» атты күй жарысы өтті. Оқушылардың өнерін бағалау үшін арнайы шақырылған мамандар – Төлеби аудандық саз мектебінің домбыра сыныбы мұғалімі Құлыбек Саят Маратбекұлы және дәстүрлі ән сыныбының мұғалімі Төребаев Сәкен Талғатұлы төрелік етті.

Бұл жарыстың мақсаты – қазақтың қара домбырасын ұлықтау, күй өнерін жас буынға

шығармаларын орындап, көпшілікті тәнті етті.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды.

Бас жүлде Нұрмахан Мұстафаға (7 «ә» сынып) бұйырса, I орын-

даушы» Абдраим Ескендір (4 «ә» сынып).

Барлық қатысушылар өздерінің өнерімен көпшілікті сүйсіндіріп, ұлттық өнерге деген сүйіспеншіліктерін көрсетті.

Осындай игі шаралар ұлттық



ды Нұрмахан Нұрмұхаммед (8 «б» сынып) иеленді, II орынға Үсен Ұлдана (9 «в» сынып), Құдиярбек Қарақат (6 «ә» сынып) ие болды. Ал III орынға Сейдулла Аңсар (9 «ә» сынып), Тұрдалиев Құдайберген (8 «а» сынып), Тоқтаров Әли (7 «ә» сынып) лайық деп танылды.

Сонымен қатар, жас өнерпаздар мынадай арнайы номинациялар бойынша да

құндылықтарымызды дәріптеп, жас таланттардың шыңдалуына мүмкіндік береді. Бұл жарыс қазақ өнерінің мәңгілік екенін дәлелдеген тамаша өнер мерекесі болды.

Ұлттық өнеріміз жасай берсін!

Г.КАДЫРБЕКОВА,
Бірінші Мамыр жалпы білім беретін мектебінің қосымша білім беру педагогы.



Біздің мекенжайымыз: 161101, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ленгір қаласы, Төле би көшесі, 111 "Б" үй.

Меншік иесі: «Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖШС ДИРЕКТОРЫ –
БАС РЕДАКТОР
РАХМАНҚҰЛОВ
Әбдімәлік
Түймебекұлы
8-701-408-72-32

Бас редактордың орынбасары
Орынбасар СҮТТІБАЕВ (экономика және руханият)
8-706-413-11-56.
Бөлім меңгерушісі Ақжан ИМАНАЛИЕВА
(әлеумет, бұқарамен байланыс)
6-23-23, 8-702-494-81-71
Бас есепші Жанар ЕРЕЖЕПОВА
8-705-887-51-61.
Дизайнер Нұргүл Мамытханова
8-777-918-03-35 (жарнама)

Газеттің осы нөміріне жауапты кезекші
Ақжан ИМАНАЛИЕВА.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «АР-принт-1» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Баспахананың мекенжайы:
Шымкент қаласы,
Төшенов көшесі, №24 үй.
Газетке жазылу индексі 66744
Таралымы 3024 дана. Тапсырыс №

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Редакция материалдардағы фактілердің дұрыстығына автор жауапты екендігін ескертеді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшін редакция жауап бермейді.

«Төлеби туы» газеті Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылғы 20 маусымда тіркеліп, №13693-Г куәлігі берілген.